Еңбек нарығының ұтқырлығын аумақтық және кәсіби жағынан да қарауға болады. Екеуі де экономикада маңызды, өйткені ұйым алдында қойылған міндеттерді мейлінше аз шығынмен, шұғыл шешуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдарда қызметкерлердің кәсіби ұтқырлықтың оң үрдіске айналып келеді. Өндіріс технологиясының, экономика саларының жылдам ауысып отыруы, мүлдем жаңа мамандықтарға деген сұраныс қызметкерлердің кәсіби

ұтқырлығының ұшталу қажеттілігін тудырады. Олардың басым көпшілігі екінші және тіпті үшінші рет кәсіби білім алады. Нәтежесінде жаңа, екінші немесе үшінші мамандықтар мен кәсіптерді меңгеру, аралас пәндер мен кәсіби дағдыларды білу мүмкіндігі болады. Әсіресе ол 30 жасқа дейінгі жастарға тән. Ал одан үлкендеу жастағылар кәсіби ұтқырлықтың қажеттілігін түсінгенімен, кәсіптерін ауыстыруға келгенде онша дайын еместігін көрсетеді.

Еңбек нарығында айтарлықтай өзгерістер 2008 жылы орын алды. 2008 жылдың соңында жалдамалы қызметкерлер саны 3367,2 мың адамды құрады, олардың ішінде ірі және шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандары 2953,3 мың адам болды, ол 2008 жылдың алдыңғы тоқсанымен салыстырғанда 12 мың адамға (0,4%) аз. 2008 жылдың төртінші тоқсанында 230,9 мың немесе жалпы қызметкерлер санының 6,9 % жалдамалы қызметкерлер қабылданған, олардың 197,5 мың адамы ірі және орта кәсіпорындардан. Штаттардың қысқаруы бойынша барлығы 18,6 мың адам жұмыстан босаған, соның ішінде орта және ірі кәсіпорындардардан – 17,5 мың адам. Ең көбі өндіріс пен құрылыс саласынан байқалған.

Әдебиеттер:

1. Курасова А. М. Қазақстанның еңбек нарығындағы үрдістер. // Қазақстандағы мамандар анықтамасы. – 2009. - № 12(48). 45-53 б.
2. Нұрақаев, Н. Б. Еңбек нарығын дамыту мүмкіндіктері баршылық. / Н. Б. Нұрақаев // Егемен Қазақстан. – 2009. – 7 сәуір.125-126 б.

ӘОЖ 005.936.3

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Б. Арыстанов - магистрант
Ғылыми жетекші – Т. Н. Траисова профессор
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мемлекеттік сектордың экономикалық теориясы қазіргі таңда мемлекеттің ел экономикасындағы ролін түсіндіруге арналан көптеген модельдерге ие, бірақ олар Үкімет пен мемлекеттік кәсіпорындардың қарым-қатынасын түсіндіретін көптеген сұрақтарға жауап бере алмайды. Мысалы, үкімет мемлекеттік кәсіпорындарды қалай басқарады және бұл кәсіпорындар қандай мөлшерде автономдыққа ие. Мемлекеттік кәсіпорындар түрлері мен жұмыс істеу принциптері бір-бірінен әр-алуан болып келеді. Егер мемлекеттік кәсіпорын-мекеме үкімет департаменті ретінде жұмыс істейтін болса, мемлекеттік қатысуы бар акционерлік қоғам автономды корпорация болып келеді.

Қазақстанда мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысын Азаматтық Кодекс реттейді. Азаматтық Кодекстің (одан әрі - АК) 33 бабына сәйкес, ҚР заңды тұлға деп меншік, шаруашылық жүргізу немесе шұғыл басқару құқығында мүлікке ие бола отырып, сол мүлікпен өз міндеттемелерін атқаратын, өз атынан меншікті-мүлікті құқықтарға ие бола алады, сотта талапкер де, жауапкер де бола алатын ұйымды айтады. АК 34 бабына сәйкес заңды тұлға өз қызметінің басты мақсаты табыс табу болу мүмкін (коммерциялық) немесе мақсатын табыс табу емес және табысты қатысушылар арасында болу емес жағдайларды қарастыратын ұйымдарға бөлінеді. [1]

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға тек мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам және өндірістік кооператив түрінде құрыла алады. «Мемлекеттік кәсіпорындар туралы» Заңындағы (одан әрі - Заң) 1 бабында АК 102 бабына сәйкес, мемлекеттік кәсіпорындарға:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы;
2. Шұғыл басқару (қазыналық) құқығындағы кәсіпорындар жатады. [2]

Мемлекеттік кәсіпорынның мүлігі бөлінбейді, және салымдармен (үлес, пайлар) таратылмайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың құрылу мақсаты болып мемлекет пен қоғамның қойғызып отырған әлеуметтік-экономикалық талаптары:

1.қоғамның қызығушылығын және мемлекеттің қорғаныс қабілеттілін материалдық қамтамасыз ету;

2.экономиканың қоғамдық өндіру саласында жеке секторы қамтымаған өндірістерде алғашқы тұтыну тауарлары мен қызметтерді өндіру мақсатында;

3.бақылау функцияларынан басқа мемлекеттік монополияға жататын немесе мемлекеттік қызметтерді орындау салаларында құрылу мүмкін.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық орта мерзімдік даму перспективасында мемлекеттік сектордың өзгеруін тездету, мемлекеттік кәсіпорындар санын қысқарту, оларды бәсекелестік ортаға тапсыру және шаруашылық жүргізуде болашақта мемлекеттік кәсіпорыннан біртіндеп арылу болып табылады.

Шаруашылықта есеп айырысу құқығымен белгіленген мемлекеттік кәсіпорын қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергиямен, сумен, жылумен қамтамасыз ету, магистральды транспорт, байланыс, коммуникациялар, коммуналды және үй-шаруашылықтары, денсаулық сақтау салаларында, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, спорт және туризм, бұқара ақпарат құралдары, қылмыстық атқару жүйесінде және т.б. салаларда құрылады.

Қазыналық кәсіпорындар тау құтқару және т.б. ұқсас қызметтерде, өрттен қорғау, қылмыстық атқару жүйесінде өндірістік іс жүргізу, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, туризм және спорт саласында өндірістік-шаруашылық істі жүргізу және мемлекеттік монополияға қатысты қызметтрді орындау мақсатында құрылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың ел экономикасындағы ролін анықтау алдында олардың құрылу алғышарттарын қарастыру қажет. Егер әлемдегі кәсіпорындардың құрылу, ыдырау, олардың мемлекет иелігіне өтуі немесе мемлекет иелігінен шығуы қандай да болмасын себептермен туындайды. Алғашқы себеп болып – экономикалық алғышарт болу мүмкін. Классикалық теория бойынша мемлекет нарықтың ауытқуы мен шектен тыс қайта бөлу мәселелерін шешеді деп тұжырымдайды. Нарықтың ауытқуын мемлекет шешу арқылы қайта бөлу процесінде әділеттікке жетеді. Әділеттікке жету мақсатында әлеуметтік сектордағы кәсіпорындар қоғамдық игіліктерді өндіріп, кәсіпкерліктің қолынан келмейтін немесе табысы шығынынан аз болатын өндірістерге қолдау көрсетеді. Осымен қатар сыртқы жағымсыз әсерден (қоршаған ортаның ластануы, контрафактылы тауарлар, және т.с.с) сақтауды өз қолына алады. Сонымен қатар экономикалық себепке жүгініп мемлекет жаңа өндіріс орындарына инвестицияны тартуды көздеп, инфрақұрылымды жақсарту, инвестициялық климатты қалыптастыру немесе капиталсыйымдылығы жоғары өндіріске жеңілдіктер істеу арқылы реттеу мүмкін. Келесі тұжырымдалған себеп болып – әлеуметтік мәселелерді шешу табылады. Бұған денсаулық сақтау, білім беру салалары жатады. Бұл қызметтерді мемлекеттік кәсіпорындар арқылы беру себебі бұл қызметтің нәтижесі қоғамға өте тиімді болып келеді, бірақ мұндағы тиімділік ақшалай түрде емес, тиімділік әлеуметтік жағымды әсер беруінде. Сондықтан мемлекет бұл саланы дамытуда субсидиалар мен трансферттар арқылы дамыту қоғамды экономикалық өсімге әкелуге жағдай жасалынады. Қоғамның мемлекеттік кәсіпорын құруға үшінші себебі болып оның мәдени дамуы мен тарихи-саяси таңдауынан туындайды. Ол қандайда болмасын саяси мақсатты шешу құралы болу мүмкін. Мысалы коммуналды шаруашылықты мемлекет қолында ұстау оның экономикалық себептер салдарынан шығады деп есептелінеді. Бірақ негізінен мемлекет қолында темір жол, коммуникация, энергиямен қамту салаларын ұстау оның қоғамды қажет кезінде шектеп, бақылау мүмкіншілігінен туындайды.

Кәсіпорынға мемлекеттің араласуы әрқашанда жағдайдың жасаруына әкеліп соқпайды. Себебі әр елде туып тұрған мәселені әр мемлекет өзінше шешеді. Саясат арнайы

адамдармен құралып, жүргізіледі, оларға өз ұлты мен еліне тән заңдар, дәстүрлер, ынталандырулар әсер етеді. Бұл адамдар шешімді жетілмеген ақпараттар арқылы анықтайды және түрлі шектеулерге тәуелді. Сондықтан тәжірибеде мемлекеттік (муниципалды) кәсіпорындарды құру қажеттілігін дәлелдеу өте қиын. Көбінесе мемлекеттік кәсіпорындарға артықшылық болып олардың қызметінің әлеуметтік тиімділігі табылады. Осы себептен мемлекеттік кәсіпорындарды құруға арналған инвестжобалардың тиімділігін анықтау науқаны кезінде, олардың әлеуметтік әсерін бағалау қиынға соғады. Егер мемлекеттік кәсіпорын коммерциялық табысқа бағытталатын болса, онда мұндай өндірісті ұйымдастыру формасының жеке бизнес алдындағы артықшылығы туралы сұрақ туады.

Егер әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, қазіргі заманғы мемлекет деңгейінде шешілетін мәселелерді келесідей топтауға болады:

1. базалық, негізгі салаларды дамыту: энергетика, кен өндіру, отын өнеркәсібін дамыту және жаңа салаларды ынталандыру;
2. ғылым мен техниканың стратегиялық болжамы, жалпы шаруашылықтың ұзақ мерзімді болжамы, жалпыұлттық позициясынан ҒТП-ның дамуының нәтижесінен болатын әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау;
3. қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға қоғамның күшін жұмылдыру;
4. өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру: транспорт, байланыс, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, әділетті қамтамасыз ету;
5. қоғамдық пайдалы жұмыспен толықтай айналаса алмайтын халық тобына әлеуметтік кепілдерді дайындау және қамтамасыз ету;
6. ақша және қаржылық жағдайды қалыпты түрде ұстау.

Осы тізбектелген жұмыстардың ешқайсысы кәсіпорын, корпорация, шаруашылық саласы не аймақ шеңберінде шешіле қоймайды. Бұл тек мемлекет жұмысы. Мемлекет, нарықты демеп және қосу арқылы, оның «қисықтарын» жаза келе, аяқтарын бірге басып келеді. Осы симбиоздың көмегімен капитализм 1929-1930 жылдардың экономиканың монополизациясынан және сұраныстың төмендеуінен туындаған дағдарысынан шығарды. Бұл симбиоз қосымша ғылыми техникалық прогресс пен халықтың өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз ету арқылы жалғасын тапты.

Бірақ мемлекетте өзіне тән, мемлекеттің ықпал ету шығындарына әкелетін кемістіктерге ие. Экономикаға мемлекеттің шектен тыс ықпал етуі өндірістік және еңбек ынталандыруларға теріс әсер ететін салық ауыртпалықтарын күшейтуге әкеледі. Мемлекеттік шығындардың жоғарлауы қызығушылар тобының күресіне әкеліп соқтырады, осының салдарынан бюджеттік дефициттердің өсуіне әкеліп соқтырады. Мемлекеттік сектордың ұлғайюы (көбінесе аз тиімді және шығынды) елдің бәсекеге қабілеттілігін азайтады. Мемлекеттік аппараттың гипертрофиясы (ұлғаюы) оны икемсіз, қозғалыссыз етіп өзгертеді, ол экономикаға қарағанда өз-өзіне жұмыс істеуге ынталы. [4]

Осыған қарамастан мемлекеттік кәсіпорындар ұлттық шаруашылықта жоғарғы рольды атқарады, ал кейде өндіріс кәсіпорындары арасында көшбасшы да болып келеді. Мемлекеттік кәсіпорындарды бір қатарға бөлу өте қиын, себебі кейбір компаниялар толықтай үкіметке қарайды, кейбіреулері тек акцияның бөлімі бойынша бағынады. ЕуроОдақ Парламентімен келісілген анықтама бойынша Х.Пэррис мемлекеттік кәсіпорындарды былай бөледі:

1. үкіметтің бөлімшесімен немесе оған сәйкес мемлекеттік ұйыммен тікелей басқарылатын мемлекеттік кәсіпорын.
2. мемлекеттік билікке бағынатын, бірақ басқару автономиясын сақтап қалатын кәсіпорындар. Олар мемлекетпен толықтай қаржыландырылмайды. Оларды мемлекетпен субсидиялатын кәсіпорын деп атауға болады.
3. жеке сектордағы компаниялар сияқты заңды статуста болатын, басқару автономиясының жетілген түріне ие және акциясының толықтай не бөлшекті мемлекет немденген кәсіпорынды мемлекет меншігіндегі компания деп бөледі.

Соңғы жағдайда мемлекет тек бас акционер, не басқаруды бақылау немесе тек мониторинг жұмысын жүргізу мүмкін.Егер мемлекеттік активтерді басқарудағы бағыттарды қарастыратын болсақ әлемдік тәжірибе үш түрлі басқару жолдарын көрсетеді. Мұнда Пэрристің тұжырымдамасын американдық қоғамдық корпорацияларын зерттеуші В.Г. Шефердтің классификациясы толықтырады:

1. бюджет негізінде қаржыландыратын мемлекеттік ұйымдарды тікелей басқару, мұнда мемлекеттік органдар өзіне басқарудың кейбір функцияларын алады, ұйымның балансындағы құндылықтармен өкім жүргізеді, басқарушыларын қойып, орнынан алып тастайды. Қазақстанда бұл бағытқа шұғыл басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер тиісті.
2. ішінара бюджеттен қаржыландыратын, ішінара шаруашылық есеп айырысу және өзін-өзі өтеу принциптерінде жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорындар. Мұндай ұйымдар қаржылық және материалдық ресурстарды игеруге кең ауқымды құқығы бар. Нарыққа олар тәуелсіз өндірушілер болып табылады. Қазақстанда бұл ұйымдастыру тобына шаруашылық есеп айырысу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жатады. Мұндай ұйымдастыру нысандар әскери-өнеркәсіп кешендерінде немесе әлеуметтік тапсырыстарды орындайтын, арнайы қажеттіліктерді өтейтін немесе мемлекеттің тікелей тапсырыстарын орындайтын ұйымдарда кездеседі.
3. әр түрлі ұйымдастыру нысанындағы, мемлекетпен минималды түрде қаржыландыратын не мүлдем қаржыландырмайтын кәсіпорындарды жанама басқару. Бұл кәсіпорындар мемлекеттік тапсырыстарды орындау арқылы мемлекеттен жанама қаржыландырылады. Нақты түрде мемлекет кәсіпорынның меншігін басқармайды, бірақ мемлекеттік тапсырыстарды беру арқылы кәсіпорынға жоғары деңгейлі әсер етеді.

Бірақ мемлекеттік меншікті басқару бағыттары бірдей болғанымен, нақты басқару әдістері бір-бірінен өте алшақ, бұл ауыспалы кезеңнің туып отырған сөзсіз жағдайы. Активтерді басқарудағы әлемдік тәжірибе мемлекеттік те, жеке сектор да өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктеріне ие екеніне көз жеткізді. Әрбір нақты жағдайға қажетті рационалды бөлісуді қолдану керек, болсын ол мемлекеттік, әлде жеке немесе аралас меншікті, ол туындап тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге икемділік қасиетін көрсету қажет [3].

Бірақ соңғы кезде елдің экономикасында мемлекеттік сектордың бейнесі қандай болу керек, сала бойынша олардың санына шектеу қою керек па, әлде қазіргі жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың қайсысын қысқарту қажет. Сөзсіз, мемлекеттің нағыз бақылайтын салаларына қорғаныс, қауіпсіздік және әділет жатады. Әлемде ешқай ел өзінің қауіпсіздігін, қорғанысын не әділет басқаруын коммерциялық түрде жүргізбейді. Бірақ өкінішке орай бізде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласында мемлекеттік сектор өте үлкен үлес алып тұр. Сонымен бірге үй-коммуналды шаруашылықтары, қала көркемдеу, транспорт және байланыс салаларында да мемлекеттік кәсіпорындар басым бөлігін алып тұр. Осының орайына мемлекеттік бюджеттен ауыртпалықты түсіру мақсатында соңғы жылдары мемлекеттік кәсіпорындарды бәсекелестік ортаға салуда. [5]

Қазақстандағы мемлекеттік кәсіпорындарды басқару жүйесі көп нысаналы бағытты көрсетеді. Мемлекеттік кәсіпорынды басқаруға мемлекеттік кәсіпорынның артықшылықты даму бағыттарын анықтайтын, қаржылық-шаруашылық көрсеткіштерді талдап, жоспарды бекітетін, басшылықты тағайындайтын және басқа да заңмен рұқсат етілген қызметтерге өкілеті бар мемлекеттік басқару органын талап етеді.

Мемлекеттік кәсіпкерліктің даму тенденциясын айтып келетін болсақ, жұмыстың қорытындысына мынадай мемлекеттік және мемлекеттік-жеке сектордың жұмысын жақсарту мақсатында мынадай тезистер ұсынуға болады:

1. мемлекеттік кәсіпкерліктің тиімді шеңберін анықтау. Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесіне сүйенсек, жеке кәсіпкерлік мемлекеттік кәсіпкерлікпен толықтыру қажет. Соған орай мемлекеттің экономикалық дамуында қаншама қалып келеді, соншама мемлекет жалпыұлттық масштабта қажетті экономикалық мәселелерді шешу мақсатында

ел шаруашылығына қатысады. Мұнда сөз ұлттық экономикаға капитал сыйымдылығының жоғары болуының себебінен капиталдың жетіспеушілігі не мүлдем келмейтін, өзін-өзі өтеудің ұзақ мерзімінде, тәуекелдің жоғары болуы себебінен дамудан алшақтаған жаңды қажет салаларды қолдау көрсетуде көрінеді.

2. мемлекеттік қаражатты нысаналы қолдануды және тиімді игеруді, және мемлекеттік мүлікті тиісті қолдануды қоғамдық бақылауға шығару.
3. мемлекеттік меншікті басқаруға көмек көрсетуге жергілікті органдар, қоғамдастықтар, тұтынушылар одақтарын тарту қажет.
4. мемлекеттік меншіктің Қазақстандағы және тыс жердегі біріңғай реестрын құру қажет. Бұл құжатта мемлекеттік меншік амортизациясына және физикалық қалпына сәйкес бағаланып, ол жалдауда ма, сенім басқаруда ма, кепіл де, осының бәрі белгіленіп, меншікті пайдаланғаны үшін төлемдердің статистикасы жүргізілу керек.
5. шаруашылық немесе шұғыл басқаруға берілген мемлекеттік меншікті ел экономиксының секторындағы коммерциялық және коммерциялық емес субсекторға бөліп, әр қайсысына тиянақты басқару механизмін құру қажет.
6. кәсіпкерліктің аралас моделі негізінде жаңа кәсіпкерліктер түрін құру. Бұл нарық конъюнктурсының өзгеруіне жоғары икемділікті көрсетеді.
7. қазыналық кәсіпорындарға міндетті талаптар қойылған, макродеңгейде белгіленген индикативті (келісімді) жоспарлау жүйесін енгізу.

Мемлекеттік кәсіпорын туралы сөз бастағанда, А.Либманның тұжырымы бойынша, қазіргі заманғы мемлекеттік кәсіпорын мағынасында «мемлекеттік қамтамасыз» емес, бұл кезде тауар мен қызметке баға жоқ болады, мұнда мемлекеттік өндірісті кіріктіру керек, себебі мемлекет игіліктерді өндіру арқылы бюджетті жауып қана қоймайды, ол ұлттық басым мақсаттарға қол жеткіздіреді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі : [1994 жылдың 27 желтоқсан күні қабылданды] // Егемен Қазақстан. – 2010. -20 қаңтар. жаңартулармен.
2. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кәсіпорындар туралы : [1995 жылдың 19 маусым күні қабылданды] // Егемен Қазақстан. - 2009. -2 желтоқсан.
3. Архипов, В. Государственные предприятия / Архипов В.// Общество и Экономика. - 2006. -№ 7-8.
4. Ким, И. Управление государственными предприятиями / Ким И. //Евразиийское сообщество. -2005. - №3
5. Статистические данные Департамента статистики Атырауской области

ӘОЖ 338.4 (574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АСТЫҚ РЫНОГЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Б. Т. Базарова - магистрант
Ғылыми жетекші – Ж. Қ. Ержанова экон., ғылымдарының канд.
Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Республикадағы егіншіліктің негізгі саласы астық өндіру болып табылады. [1] Тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанды астықты ірі өндірушілердің қатарына қосты. Қазақстан жан басына астық өндіру жөнінен де дүние жүзінде күні кешеге дейін Канадан кейінгі екінші орынды иеленіп келді. Астық қажеттілігінің балансы мен егістік көлемінің, өнімділіктің және жалпы түсімнің есебі Республика астық өндірісінің мүмкін нұсқаларын көрсетеді. Күш – жігер мен қаржылық-материалдық көздерді барынша қолайлы аудандарда

астық өндіруге шоғырландыру арқылы дәнді дақылдар егістігінің көлемін қысқарту ішкі қажеттіліктерді толық қамтамассыз етуге, нарықтық экономика жағдайында анықтаушы күш болып табылатын саланың өзін – өзі жалпы ақтауы арқылы астықты шетелге шығаруға да мүмкіндік береді.

Рыноктық экономикаға өту кезеңінде республикалық шаруашылық өндірісі үлкен өзгерістерге ұшырады. [2] Жоспарлау, материалды – техникалық жабдықтау, өндіріс пен қайта өңдеуді ұйымдастырудағы қалыптасқан байланыстардың үзілуі өндірістің күрт құлдырауына әкелді.

Батыс Қазақстан бойынша астық егісінің орташа жылдық динамикалық қозғалысы кестесінен көрініп тұрғандай, егістіктің көлемі 2005 жылы – 744,5 мың. гектар, 2006 жылы 660,4 мың.га, ал 2007 жылы 620,7 мың.га, және 2008 жылы 660,4 мың.га құрап тұр. Соның ішінде; дәнді және бұршақ дәнді дақылдары 2005 жылы – 701,6 мың.га, 2006 жылы – 570,6 мың.га, ал 2007 жылы – 532,1 мың.га және 2008 жылы 542,8 мың.га жерді алып отыр. Осы көрсеткіштерге қарап, 2005 жылы соңғы жылдарға қарағанда егілген жердің көлемі көп үлесін алып жатқан. Батыс Қазақстан бойынша астық егісінің орташа жылдық динамикасы бойынша жалпы жиналған өнім 2005 жылы – 149,6 млн.тн, 2006 жылы – 271,0 млн.тн, ал 2007 жылы – 422,9 млн.тн және 2008 жылы714,4 млн.тн құрап тұр. Жалпы жиналған өнім соңғы жылы, яғни 2008 жылы алдыңғы жылдарға қарағанда 714,4 млн.тн болып көп үлес алып отыр.

1-кесте – Батыс Қазақстан бойынша астық егісінің орташа жылдық динамикалық қозғалысы

	2005ж.	2006ж.	2007ж.	2008ж.
Егістік көлемі – барлығы, мың га	**744,5**	**660,4**	**620,7**	**660,4**
Соның ішінде; дәнді және бұршақ дәнді дақылдар	**701,6**	**570,6**	**532,1**	**542,8**
Жалпы жиналған өнім (млн.тн)	**149,6**	**271,0**	**422,9**	**714,4**

Егіс алаңдарының қысқаруы ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі деңгейіне әсер етті. Бұл ең алдымен астық өндірісінен байқалды.

Тың және жыртылмаған жерлерді игергеннен кейін Қазақстан дүние жүзіндегі жоғары сапалы астық өндірушілердің ірілерінің біріне айналды. КСРО тарағанға дейін Қазақстанда өндірілетін бидай басқа республикалар астығының ұндық сапасын жақсартушы ретінде жүрді.

Тоқсаныншы жылдардың екінші жартсында республика дағдарысты бастан өткізді. Тек соңғы үш жылда ғана астықты жалпы жинау өсіп, республика жыл сайын миллиард пұттан астам жинап келеді (үш жылда орта есеппен 16,3 млн тонна). Бірақ бұрын қол жеткізгендер аясында бұл көрсеткіштер қарапайым ғана болып көрінеді.

Талдау көрсеткендей, республикада астық өндіруде зор пайдаланылмаған мүмкіндіктер қалып отыр. Қазақстан экономикасы үшін астық өндірудің маңыздылығы астық рыногындағы ағымдық жылда қалыптасқан жағдайды ерекше көрінеді. Вице-министр, республика ауыл шаруашылығының министрі Ахметжан Есімов атап өткендей, ағымдағы жылы Қазақстан астығына үлкен сұраныс қалыптасты. Импортер елдер саны 23 – тен 38 – ге өсті. Бидай тоннасының бағасы 100 – 125 долар көлемінде ауытқып отырса, жекелеген астық сатып алушылар 150 доллар да беріп отырған. Осы көрсеткіштер ауыл шаруашылығы еңбеккерлері алдында тұрған көптеген проблемаларды ашып берді. Ең алдымен, астық рыногында қалыптасқан жағдай шешілмеген көп проблемаларды көрсетті. Ал оларды шешу жалпы республика экономикасының және жекеше астық өндірісінің көтерілуіне көмектесер еді.

Талдау ағымдық жылы бидайдың 1 тоннасы үшін 100 – 125 доллар көлемінде қалыптасқан сатып алу бағасы көптеген өндірушілер көңілінен шықты. [3] Астықтың өзіндік құны 50 доллар кезінде шаруалар болашақ астықтың негізін салып, техника дайындауға, жанар май материалдары, қосалқы бөлшектер жинауға, барлық агротехникалық шаралар жүргізуге және астық жерлерін әрі қарай кеңейтуге, мүмкіндігінше жаңа техника сатып алуға мүмкіндік алады.

Біздің пікірімізше, ел ауыл шаруашылығы экономикасын көтеруді қазіргі кезде ауыл шаруашылық айналымына тартылмаған барлық ауыл шаруашылығы жайылымдарын рационалды пайдаланудан бастау қажет. Ең алдымен, бұл қазір пайдаланылмай отырған егістіктерге қатысты.

Шабылатын жерлер мен жайылымдар да нашар пайдаланылып отыр. Бірақ бұл талдауда әңгіме егістікті рационалды пайдалану туралы болады. Неге егістіктің үлкен алаңы айналымға енгізілмей отыр? Қысқаша айтсақ, күш, ең бастысы техника жетпейді. Техника жетпеуі кеңшарлар мен колхоздарды тарату, жер мен техниканы жеке адамдарға бөліп беруден болып отыр.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің көпшілігі жерге жеке шаруашылық жүргізу мен техниканы жеке пайдалануға дайын болмағанын тәжірибе көрсетті. Кеңшарлар мен колхоздар таратылғанға дейін мемлекеттік тапсырыстарды дербес орындайтын шаруашылық есеп жүргізетін кәсіпорындар болды. Колхозды колхозшылардың жлпы жиналысы тағайындаған басқарма, ал кеңшарларды жалғыз басқару қағидасында мемлекет өкілі басқарды. Екі жағдайда да кәсіпорынды басқару еңбекті мамандандыру мен бөлу қағидасында жүргізілді. Өндіріс технологиясын тұрақты жетілдіру және еңбек өнімділігін арттыру үшін шаруашылық басшылары салалар бойынша жоғары білікті мамандарды ұстап отырды. Олар өндіріс технологиясы мен жекелеген қызметкерлердің мамандандырылуын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс істейді. Бұл еңбек өнімділігін тұрақты арттыруға көмектесті. Мысалы, техниканы біреулері жүргізсе, жөндеумен басқалары, материалды – техникалық жабдықтаумен үшіншілері айналысты немесе қойшы қой бақса, қысқа жем дайындау басқалардың мойынында болды. Шаруашылықтағы мамандар да қатал түрде өзінің ісімен айналысты. Мысалы, агроном – бақшашы, агроном – көкөнісші, өсімдікті қорғау жөніндегі агрономдардың әркайсысы өз қызметімен айналысты. Жақсы үйлестірілген жұмыс кезінде шаруашылық жоғары эноомикалық көрсеткіштері бар бірегей ағза ретінде жүреді.

Кеңшарлар мен колхоздар ұйымдастыру кезінен бастап тұрақты түрде өндірістік процестер технологиясын жетілдіру, шаруашылық ішілік бөлімшелердің өзара қатынастарын жетілдіру жүйесін іздеуде болады. Көптеген сұрақтар бойынша олардың жұмсаған күштері оң нәтижелер бергенін атап өтуіміз керек.

Кеңшарлар мен колхоздарды тарату кезінде әр жеке меншік иесіне жер шаруашылығы мен мал шаруашылығының күрделі сұрақтарын түсініп, өз бетімен тырмысуға тура келді. Әсіресе техника пайдалану нашар болды, себебі ауыл шаруашылығының көптеген еңбекшілері техниканы пайдалана білмеуі немесе техниканы біліксіздікпен пайдаланады. Бұған қосымша шаруашылық тарағаннан кейін жөндеу базасы болмады да ешкім жанар май материалдарымен, қосалқы бөлшектермен жабдықтаумен айналыспады.

Жүргізілген талдау ауыл экономикасын көтерудегі республика ауыл шаруашылығы алдында тұрған үлкен міндеттерді көрсетеді. Біздің ойымызша, айналымға бүгінгі таңда пайдаланылмай отырған егістік жерлерді енгізбей, ауыл экономикасын көтеру жөнінде алдымызда ел Президенті қойған міндеттерді орындау мүмкін емес. Ең алдымен, айналымға енгізу үшін егістік көлемін анықтап алу қажет. Бұл сұрақтың статистикалық есептерінде түрлі сандар көрсетілген. 1954 – 1960 жылдардағы тың және жыртылмаған жерлерді игергеннен кейін Қазақстандағы егістік жерлер көлемі 25,5 млн гектарға өсті. 70 – жылдардан бастап 1995 жылға дейін статистикалық есептерде егістік көлемі 35 – 36 млн.гектар деп көрсетіліп жүрді. Осы сандардан жекелеген ауытқулар бар. Мысалы, 1982 жылы тұқым себілетін алаң егістіктен 700 мың гектарға көп болып, 36,3 млн гектарды құрады. Бірақ осыған қарамастан біздің талдауымызда республика бойынша 35 млн.гектар

дегенге сүйену керек. Бірақ соңғы жылдары, 1998 жылдан бастып егістік көлемі күрт өзгере бастады. Республика бойынша егістік алаңы кестелерінің мәліметтері соңғы жылдары 20 – 23 млн.гектар шегінде ауытқып отырады. Қалған алаң қайда деп сұрағымыз келеді? Себебі егістік алаңы 35 млн.гектар деген қағазда ғана емес, республиканың нақты аумақтарынан көрініп тұрды. Көптеген жылдар бойы республика 35 – 36 млн.гектарға сеуіп, 25 – 35 млн.тонна астық жинап отырды. Соңғы жылдардағы сандарды қарасақ, бұл шаруа қожалықтары өз күшімен игере алған сандар ғана. Болашақта 30 – 35 млн.гектарға бағдар ұстау керек сияқты. Республика бойынша 30 – 35 млн.тонна астық жинаған кезде экспортқа 10 – 15 млн.тоннадан аз жібермеуге болады. Ал бұл жыл сайын бірдей екі миллиард долларға дейін табыс табуға мүмкіндік береді. Бұл қиын міндеттердің бірі. Әңгіме бүгінгі күндері, техника, жанар-май материалдары, қосалқы бөлшектер жетпеген кезде республика бойынша егіс алаңдарын 12 – 15 млн. гектарға өсіру қажеттілігі туралы болып отыр.

Жұмыс көлемін бірінші есептеу бағдарламаны орындау көптеген материалдық шығындарды, адам күштерін, зор ұйымдастыру жұмыстары мен көп уақытты талап ететінін көрсетеді. Мағынасы бойынша бағдарламаны кіші мың деп атауға болады және осыған сәйкес оған мемлекеттік жол беру керек.

Алға қойылған бағдарламаны іске асыруға кіресе отырып, соңғы жылдарда жіберілген кемшіліктерді есепке алу қажеттілігін атап өткіміз келеді. Тәжірибе көрсеткендей адамдарға жер мен техника беру жеке қожайынның проблеммаларын шешпейді. Техника дұрыс жұмыс істеу үшін, техникалық қызмет көрсету сұрақтарын ұйымдастыру керек: жанар-май материалдары, қосалқы бөлшектермен уақтылы қамтамасыз ету, техника жұмысындағы ақауды уақытлы түзеу және жоспарлы жөндеуді жұмыстың бәрі өзі жүргізе алмайды, бұл техниканың тұрып қалуына және уақытынан бұрын істен шығуына әкеледі. Жеке меншік иесінің техниканы прайдалану ғана емес, агротехникалық шараларды ұстану да қолынан келмейді. Жақсы сорттарды, жоғары сапалы тұқымды таңдауға, тұқым егілетін учаскенің қасиеттерімен айналысуға оның уақыты жоқ. Сонымен бірге шаруалар көпшілігінің болашақ астық үшін тұқым материалдарын уақытында таңдау және оны уақытында қажетті деңгейге дейін жеткізуге де уақыты болмайды. Сондықтан шаруалар өз алаңдарынан қарапайым тұқымдарды егеді. Мал шаруашылығындағы зоотехникалық талаптарды да осындай бұзушылық байқалады.

Іс жүзінде техника ірі-топтау тәсілдері, ұйымдастырылған сервис қолданылған жерде жақсылы-жаманды жұмыс істейді.

Осыдан мынадай қорытынды шығады: ауылда техникаға сервистік қызмет көрсету бүгінгі таңдағы аса маңызды және бір күн кейінге қалдыруды күтпейтін шара.

Өндірісті ұйымдастырудың ірі-топтық тәсілі біз үшін жаңа нәрсе емес. Алдыңғы қатарлы кеңшарлар мен колхоздардың сандаған мысалдары өз мәнін бүгінде жойған жоқ. Сондықтан бірлесе отырып, ерікті негізде шаруа қожалықтары ассоциациянегізінде ірі ұжымдық кәсіпорындар құру аса қажетті.

Техникаға орталықтандырылған сервистік қызмет көрсету (жанар – май материалдары, қосалқы бөлшектер, жөндеумен қамтамасыз ету) шаруашылық, аудан немесе жекелеген жөндеу немесе қызмет көрсетуші кәсіпорындар деңгейінде бірлесе отырып, ұйымдастыру керек.

Жергілікті жерлердегі МТС ұйымдастырудың алғашқы тәжірибелері баса көңіл аударуды қажет етеді. Олардың тәжірибесін жинақтап, өндіріске тезірек енгізу керек.

Алға қойылған бағдарламаны мәні жағынан «Кіші тың» деп атап, оны игеруді, шамамен екі бесжылдыққа бөлу керек. Бағдарламаны игеру үлкен шығындарды талап ететінін айтып өту керек. Көрнекті болу үшін оны «Ауыл» бағдарламасымен салыстырып көрейік. Комбайндар санының күрт қысқаруына байланысты соңғы кезде Қазақстанда комбайнға түсетін жүктеме кенеттен өсті.

Кезінде тың және жыртылмаған жерлерді игеруге бүкіл ел қатынасса, қазір жалғыз өзімізге кірісуге тура келеді. Әрине, қиын болады. Бірақ біздің жағдайымызды жеңілдететін факторлар бар. Біріншіден, біздің бағдарламамыз бұрын игерілген «Тың»

бойынша іске асырылады. Егістік игерілген, астық өндіріс технологиясы жол қойылған, жол, байланыс, электркуаты инфрақұрылымы жақсы-жаманды жұмыс істейді.

Тұрғын – үйлер, қоймалар, кәсіпорын шеберханалары, қосымша шаруашылықтары аз-кем жөндеуден кейін тыңға жаңа келушілерге қызмет етуге дайын. [3] Ең бастысы қалып отыр: елдің негізгі байлықтарын жақсылап тексеру, істен дәлелсіз шығарып тастауға жол бермеу, жердің әр бөлігін жақсарту үшін белсенді күрес жүргізу. Жер байлықтың тұрақты және қайтадан жаңартылатын көзі, сондықтан оны жақсарту үшін күресуге болады.

Екіншіден, жарты ғасыр ішінде тұрақсыз жер шаруашылығы жағдайында астық өндірісінің баға жетпейтін тәжірибесі жинақталмаған. Нақты аудандар жағдайын терең зерттеу және жинақтау негізінде тәуекелді жер шаруашылығы жағдайында жер шаруашылығы жүйесінің теориясы құрылған. Құрылған теория негізінде аймақтың қандай да бір мәселелері, бойынша нақты ұсыныстар жасалды. Жасалған теория республика ғылымындағы ірі жетістік болып табылады және өндірісшілерге тікелей практикалық көмек көрсетеді. Осы үшін авторлары Ленин сыйлығының лауреаты болды.

Үшіншіден, республика – тәуекел жер шаруашылығы теориясы мен практикасын жақсы меңгерген және нақты шарттарды практикада сауатты қолданатын мамандар мен жақсы орындаушылардың көп санды отряды дайындалған. Бұл зор интеллектуалды күш болып табылады.

Сонымен, әзірге жұмыс істемейтін жерлерді айналымға қайтару белгілі бір шығындарды талап етеді, бірақ бұл шығындардың өтелімділігі өте жоғары. Сондықтан жақын уақытта демеушілер, несие берушілерді тарту үшін барлық күш жігерді салу қажет.

Сонымен бірге республикада жергілікті жағдайларға бейімделген комбайн, трактор мен басқа ауыл шаруашылығы машиналарын шығаратын өз заводтарын салу қажет.

Алға қойылған шараларды іске асыру, сөзсіз Қазақстанға астықтың әлемдік экспортерлері арасынан өз орнын нық алуына барлық жағдай жасайды.

Әдебиеттер:

1. Оспанов, М. Т. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі / М. Т. Оспанов, Р. Р. Аутов, Х. Ертазин, - Алматы, Кайнар, 1997.-78 б.
2. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы / Статистикалық жинақ. Орал 2008.-21б.
3. Гражданский кодекс РК. Общая часть. / - Алматы, Кайнар, 2001.-124б.

УДК 336.748.12

ОСОБЕННОСТИ ИНФЛЯЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ И АНТИИНФЛЯЦИОННАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ

А. М. Башаев - студент
Научный руководитель - Г. А. Айешева канд., экон., наук, доцент
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана


Инфляция в годовом выражении с 2001 по 2004 гг. оставалась на относительно стабильном уровне в пределах 6-7%, Однако, начиная с 2002 года, наметилось усиление инфляционных процессов в экономике Казахстана. По итогам 2005 года инфляция сложилась на уровне 7,5%. В 2006 году годовая инфляция демонстрировала разнонаправленные тенденции. По данным Агентства по статистике с января по май она выросла с 7,5% до 9,0%,

а затем снизилась до 8,4% по итогам декабря. Перелом в динамике инфляции стал результатом скоординированных действий Национального Банка и Правительства в области денежно-кредитной и фискальной политики в конце 2006 года. Во втором полугодии 2007 года инфляционные процессы в экономике Казахстана усилились. Только в сентябре-декабре 2007 года рост цен достиг 11,7%. При этом повышение инфляции в этот период было вызвано удорожанием, в первую очередь, продовольственных товаров на 17,7%.В целом по итогам 2007 года годовой уровень инфляции составил 18,8%. В 2008 году инфляционные процессы носили разнонаправленный характер. В 1 полугодии отмечалось усиление инфляционного давления в экономике: по данным Агентства по статистике, годовая инфляция увеличилась с 18,8% по итогам декабря 2007 года до 20,1% по итогам августа 2008 года. Основными инфляционными факторами в этот период послужили рост мировых цен на продовольствие и энергоресурсы, а также рост издержек производства. В целом, несмотря на сложную макроэкономическую ситуацию, ситуацию в банковском секторе, целевые ориентиры по инфляции на 2009 год Национальным Банком были выдержаны.

По итогам 2009 года в Казахстане инфляция сложилась на уровне 6,2%. Данный уровень инфляции в 1,5 раза ниже по сравнению с инфляцией 2008 года. Невысокая деловая активность, стагнация кредитной активности банков, низкие темпы роста реальных денежных доходов населения, ограниченный потребительский спрос послужили основными факторами снижения инфляционного фона в экономике.[1]

Минимальный инфляционный фон в экономике позволил Национальному Банку проводить денежно-кредитную политику, направленную на обеспечение стабильности обменного курса тенге и стабильности финансового сектора страны. В частности, Национальный Банк продолжил предоставление банковскому сектору займов рефинансирования.

Фактический уровень инфляции в годовом выражении на конец 2009 года сложилась ниже прогнозного. В декабре 2009 года годовая инфляция сложилась на уровне 6,2 % при прогнозе 8,0.



В 2009 году инфляционный фон в экономике оставался минимальным. Как следствие, ситуация на потребительском рынке характеризовалась постепенным снижением инфляции. Ее незначительное ускорение произошло лишь в конце года ввиду повышения потребительского спроса и фактора сезонности.

Если в 2008 году основной прирост цен на потребительском рынке приходился на продовольственные товары, то в 2009 году структура формирования инфляционных процессов изменилась. В начале года основной прирост цен приходился на платные услуги и продовольственные товары, в 4 квартале продолжилась тенденция, сложившаяся в 3 квартале.[6]



Определяющую роль в эти периоды сыграло удорожание платных услуг населению, а также усилилось давление со стороны непродовольственных товаров, при этом влияние со стороны продовольственных товаров значительно снизилось.

Показатели базовой инфляции в 4 квартале 2009 года, как и общая инфляция, демонстрировали более высокие темпы роста по сравнению с 3 кварталом 2009 года. При этом по сравнению с 4 кварталом 2008 года превышение отмечалось только по показателю базовая инфляция-1. После падения цен, наблюдаемого в течение трех последовательных кварталов, со 2 квартала 2009 года, под воздействием проведенной девальвации тенге.



Произведенная продукция в годовом выражении стала дороже на 32,6%, в том числе продукция промежуточного потребления – на 36,0% , потребительские товары – на 9,3%, тогда как средства производства подешевели на 1,7%. Услуги производственного характера подорожали на 6,5%.

Под воздействием сезонного фактора продукция животноводства в анализируемом периоде подорожала на 3,7%, при этом цены на мясо скота и птицы снизились – на 0,4%, яйца стали дороже на 13,5%, стоимость сырого молока выросла на13,6%.

По итогам декабря 2009 года цены на продукцию сельского хозяйства в годовом выражении снизились на 12,7%. При этом продукция растениеводства подешевела на 23,0%, продукция животноводства выросла в цене на 1,2%.

Мировые цены на товарных рынках в 2009 году оставались волатильными. При этом отмечался рост цен на нефть, металлы, тогда как цены на пшеницу постепенно снижались. Рост мировых цен сказался на удорожании промышленной продукции казахстанских производителей, тем не менее, он не оказал значительного влияния на инфляционные процессы на потребительском рынке. В июле-сентябре 2009 года мировые цены на нефть оставались волатильными без устойчивой тенденции. Так, в июле цены имели понижательную тенденцию, в августе они вновь начали постепенно расти, а в сентябре цены

на нефть упали ниже среднемесячного уровня июня 2009 года. В целом за 3 квартал 2009 года цены на нефть сорта Брент снизились на 1,4% и в среднем сложились на уровне 68,4 долл. США за баррель. Мировые цены на пшеницу также были нестабильными, при этом в течение 3квартала 2009 года отмечалась устойчивая тенденция к их снижению. В целом за июль-сентябрь 2009 года мировая цена на пшеницу (Канада) снизилась на 20,7% и в среднем сложилась на уровне 271,2 долл. США за тонну.

Минимальный инфляционный фон в экономике позволил Национальному Банку проводить денежно-кредитную политику, направленную на обеспечение стабильности обменного курса тенге и стабильности финансового сектора страны. В частности, Национальный Банк продолжил предоставление банковскому сектору займов рефинансирования. Необходимость сохранения золотовалютных резервов и поддержания конкурентоспособности отечественных производителей потребовала пересмотра подходов к валютной политике со стороны Национального Банка.[3]

В феврале 2009 года был установлен новый коридор обменного курса тенге на уровне 150 тенге за доллар США +/-3%. Это позволило значительно снизить девальвационные ожидания на рынке. В 2009 году Национальный Банк постепенно снизил официальную ставку рефинансирования с 10,5% до исторически минимального уровня – 7,0%. В марте 2009 года были снижены минимальные резервные требования к банкам с 2% до 1,5% по внутренним обязательствам и с 3% до 2,5% по иным обязательствам. Для поддержания текущей ликвидности банков, находящихся в процессе реструктуризации долга, в ноябре 2009 года были установлены отдельные нормативы МРТ в размере 0% по всем обязательствам данных банков. Предпринятые меры позволили стабилизировать ситуацию на финансовом рынке. Спрос на ресурсы Национального Банка со стороны банков сократился, тогда, как объем операций по изъятию ликвидности увеличился. В результате банки накопили значительный объем ликвидности в инструментах Национального Банка, в то время как роста кредитования экономики не произошло.[4] В этих условиях Национальный Банк внес некоторые изменения в инструменты денежно-кредитной политики. Были увеличены сроки и снижены ставки по привлекаемым от банков депозитам и выпускаемым краткосрочным нотам Национального Банка.

Основные направления денежно-кредитной политики на 2010 год

Инфляционное давление на финансовом рынке привели к определенной дилемме:

- с одной стороны, необходимо обеспечить достижение стабильности цен;
- с другой – стабильность финансовой системы, сохранить условия для дальнейшего экономического роста.

Основным приоритетом Национального Банка Республики Казахстан является продолжение работы по переходу к принципам инфляционного таргетирования. Инфляционное таргетирование полностью отвечает основной цели Национального Банка Республики Казахстан по снижению инфляции и, ввиду повышенной прозрачности поставленной цели, обеспечивает большее доверие участников рынка.

В рамках перехода к принципам инфляционного таргетирования Национальный Банк Республики Казахстан будет придерживаться режима плавающего обменного курса.[5]

Медленное восстановление мировой экономики, умеренные мировые цены на товарных рынках, в том числе на основные товары казахстанского экспорта, сохраняющаяся неопределенность на мировом финансовом рынке станут основными факторами, которые будут определять тенденции развития экономики Республики Казахстан. В 2010 году дальнейшего снижения инфляционного давления не ожидается. Это с вязано с рядом факторов, влияние которых может негативно отразиться на ценообразовании на потребительском рынке Казахстана.

Что ждет в будущем?

Во-первых, планируемое в 2010 году повышение заработных плат, социальных пособий и пенсий из бюджета может привести к некоторому повышению потребительского спроса, что, в свою очередь, создаст инфляционное давление.

Во-вторых, повышение таможенных пошлин на ввозимую продукцию в связи с созданием Таможенного Союза с 1 января 2010 года с определенным временным лагом может привести к росту цен на импортируемую продукцию и инфляции в целом.

В-третьих, оживление деловой активности в Казахстане в 2010 году в результате предпринимаемых государством антикризисных мер, что повлечет рост спроса и риск усиления инфляционного давления.

В 2010 году инфляция прогнозируется в пределах 6,0-8,0%.

В целях создания условий для повышения гибкости курсообразования с 5 февраля 2010 года расширяется коридор колебаний тенге: 150 долларов/тенге (+)10% или 15 тенге,(-)15% или 22,5 тенге.[6]

Согласно регулированию внешней торговли, можно с высокой долей уверенности сказать, что большого инфляционного давления на Казахстан новое регулирование не окажет. Потому что реальные таможенные ставки (с учетом страновой структуры импорта) возрастут незначительно.

Аналитики считают, что участие Казахстана в Таможенном союзе может стать аргументом для сдерживания укрепления тенге. Это приводит к удорожанию казахстанского экспорта и, соответственно, снижает конкурентоспособность отечественных товаров по сравнению в первую очередь с российскими аналогами. Импорт товаров из России в тенге, наоборот, подешевеет, а защиты казахстанских производителей пошлинами уже не будет. Нацбанк, вероятно, будет проводить еще более осторожную, чем ранее, политику обменного курса, направленную на недопущение слишком быстрого укрепления тенге.

Моя позиция в решении проблемы инфляции в РК

I. Совершенствование инструментов денежно-кредитной политики и методов анализа и прогнозирования динамики макропоказателей.
II. Следование принципам инфляционного таргетирования.
III. Направление на обеспечение стабильности обменного курса тенге

Литература:

1. Борисов, Е. Ф. Экономическая теория./ Е. Ф. Борисов – М.: Манускрипт, 2003.
2. Гамарник, Г. Н. Управление экономикой Казахстана: методология, подходы, пути реализации./ Г. Н. Гамарник - Алматы. - 2002.
3. Жанкина Д. К. Иностранные инвестиции в РК: плюсы и минусы.- //Казахстан на пути к новой модели развития: тенденции, потенциал и императивы роста. / Д. К. Жанкина Ч.4.- Алматы.-2001.
4. Казахстан 1991-2008 годы. Информационно-аналитический сборник под ред. А.А.Смаилова, Астана, 2008 г.
5. Казахстан на пути к новой модели развития: тенденции, потенциал и императивы роста. Ч.1. - Алматы.-2001.
6. Отчет Национального Банка РК за 2009 год

ӘОЖ 338.48(574.1)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Ұ. С. Бисалиева - студент
Ғылыми жетекші – Н. А. Ахметжанова, оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті

Көп салалы экономика қалыптастыру және нарықтық қатынастарды дамыту аграрлық өндірістің тиімділігін арттыруда, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуде, халықтың тамақ азық-түлігіне деген қажеттілігін қамтамасыз етуде және ауылдың әлеуметтік проблемаларын шешу маңызды.

Қазақстан агроөнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндіру бойынша оның экономикасын дамытуға басым бағыттардың бірі болып саналады.

Дегенмен, ауыл шаруашылықты жүргізудегі экономикалық механизмнің жетілдірмегенінен ең алдымен, ауыл шаруашылық құрылымдарының басқа да шаруашылық субъектерімен экономикалық өзара қарым-қатынастарының жолға қойылмағанынан агроөнеркәсіптік өндірістік әлеуеті жеткілікті деңгейде пайдаланылмай келеді.

Жекеменшік пен шаруашылық жүргізудің жаңа формаларының өсуі баға теңсіздігінің, мемлекеттің басқару атқарымдарынан өзінен-өзі кетіп қалғанының ауыл шаруашылығына әкелген теріс әсерлерін осы күнге дейін азайта алмай отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне қазіргі қалыптасқан бағалар жұмсалған шығындарды қайтаруды және кеңейтілген ұдайы өндіріс үшін пайда алуды қамтамасыз етпейді.

Осының нәтижесінде өндіріс көлемі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері, тамақтық азық-түліктер, ең алдымен мал шаруашылығы өнімдері өте қысқарып кетті.

Бәсекеге қабілетті өндіріс үшін негізгі талаптар мына төмендегідей:
- прогрессивті технологияларды пайдалану;
- басқарудың қазіргі заманға сай әдістері;
- өндірістің икемділігін, процестердің тепе-теңдігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету. [1]

Агроөнеркәсіптік кешеннің осы және басқа да міндеттері біз қарастырып отырған проблеманың өзектілігін және оның ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті өндіріс қалыптастырудағы практикалық мәнін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін басқару, болжамдар дайындауда, қабылданған бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан өңірлерінің аймақтық ерекшеліктерін ескеру керек. АӨК – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу және сату салаларының жиынтығы болып табылады. Сондай-ақ бұл кешенге оны қазіргі заманға сай техникамен, технологиялық жабдықтармен және т.б. қамтамасыз ететін ілеспелі өндірістер мен қызмет салалары кіреді. Өндірісті ғылыми қамтамасыз ету және кадрлар дайындау да осы кешеннің іс-қимылына тұрақты әсер етеді.

Кластерлік даму республиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясының құрамдас бөлігі, өндірістің, қайта өңдеудің, тауарларды сатудың әдісі болып табылады. Сондықтан да оған экономиканың барлық салаларының экономикалық әлеуеті жұмылдырылады. [2]

Бұл жағдайда технологиялық процестің әр түрлі звеноларының, өнімнің бір түрін өндіру бойынша, мысалы, мақта, тоқыма өндірісі және жіп иіру бойынша сатылас бірігуі құрылады. Сондықтан, кластер – ең алдымен ұдайы өндіріс байланыстарының белгілі жабық (аяқталған) жүйесінің салааралық кешені, ол технологиялық жаңартпашылықтармен біріктірілген. Кластер бір-бірімен өзара байланысқан және бірін-бірі өзара толықтыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың аумақтық бәсекелестігі негізінде қалыптасады, өздерін жақын жерге орналасуымен, рынокта бәсекелестік ұстанымын қамтамасыз ету үшін мамандандырумен пайда табуға ұмтылады.

Дегенмен кластерлік механизмін арттыруда тек кеңістік-ұйымдық қана фактор, ол бәсекелестік артықшылық үшін қажетті алғашқы негіз қалайды. Аумақтық өндіріс қаншама ұйымдастырылған болса да, ең алдымен олар азық техникамен, прогрессивті технологиялармен, жоғары сапалы жұмыс күшімен жабдықталуы тиіс және нақтылы бәсекелестік артықшылықтар алуы қажет.

Қазақстанға ДСҰ-ға мүше болу экономиканы әртараптандыру үшін қажет. ДСҰ ережелері шеңберінде өндірісті дамыту, өнімдерді сыртқы рыноктарға өткізуді, отандық өнімді шетке шығарушыларды қорғау мәселелерін жүргізу талап етіледі. Біздегі мемлекеттік қолдаудың түрлерін ДСҰ талаптары бойынша жіктеу мемлекеттік қаржылық қолдаудың 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге артқанын көрсетіп отыр. Дегенмен әлі де болса несиелік ресурстарды пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлеме жоғары күйінде қалып отыр.(2005 ж.-20%, ал нарықтық экономикасы дамыған елдерде -3,5-4,5%) [5]

Айта кететін бір мәселе ДСҰ-ға кіру жағдайында біздегі аграрлық саясат құрылымдық шараларға бет бұруы керек: Мысалы, инфрақұрылымдарды (жол тізбектері, сумен қамтамасыз ету, байланыс т.б.) дамытуға, өндірушілер үшін нарықтық ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету, АӨК-нің барлық салаларына инвестиция салуға қолайлы жағдай туғызу. Олар АӨК-дегі қаржы-несиелік қатынастарды ДСҰ-ға қосылу барысында жетілдіруге жағдай туғызады, ДСҰ талаптарына қарсы келмейді және аграрлық сектордың бәсекелестік қабілетін жоғарылатуға бағытталған:

несиелендіру саласында – қысқа мерзімді (ағымдағы шығындарға) және ұзақ мерзімді (негізгі қорларды толықтыруға) несиелендіруді қалпына келтіру; ипотекалық несиелендіруді

енгізу; жеке қосалқы шаруашылық дамыту үшін микронесиелендіру шараларын дайындау;

АӨК-ні салаларының әлемдік рынокта бәсекелестік қабілетіне байланысты және олардың бәсекелестік әлеуетін кеңейту мүмкіндігіне қарай АӨК-нің барлық салаларын үш негізгі топтарға бөлуге болады:

- бірінші топ – азық-түлікті шетке шығаруға бағдарланған және тамақ өнімдерін сыртқы рынокта сату үшін өндіретін салалар;
- екінші топ - әлемдік рынокқа өнімдердің бәсекеге қабілетті түрлерін өндіру үшін, тиісінше, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеті бар салалар;
- үшінші топ – негізінен халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету және ішкі рынок сұранымын қанағаттандыру үшін азық-түлік тауарларын өндіруге бағдарланған салалар;

АӨК-ін мемлекеттік қолдау шектеулі екенін және ДСҰ ережелерімен қатаң реттелетінін ескере отырып, азық-түлік рынокторының жасырын формаларын қолдауды дамыту мен реттеуге маңызды орын беру керек. [6]

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіндегі мүмкін болатын артықшылықтары АӨК үшін мына төмендегідей деп атап көрсету керек:

- экспорттық әлеуетті дамыту және әлемдік рынокқа шығу;
- тасымалдау шығындарын ескере отырып біздің елдің географиялық орналасуын пайдалану;
- банк саласында бәсекелестік орта құру;
- халықаралық еңбектің бөлінуінде қатынасу және әлемдік рынокта кемсітушілікті болдырмау.

Жағымсыз салдарлары:

- отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау мен қорғау нашар;
- халықтың елеулі бөлігінің тұрмыс деңгейі төмен;
- инфрақұрылымдардың дамымауы, тиімді көтерме сауда жүйесінің және тауар қозғалысының болмауы;
- өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тауарларына баға теңсіздігі проблемалары;

Біздегі салық салу жүйесі, ең алдымен патент негізінде жүргізіледі. Қазіргі салық жүйесі бәсекеге қабілетті ауыл – шаруашылық өнімдерін өндірудегі жағдайды қамтамасыз етеді. 1га ауыл – шаруашылығы пайдаланылатын жерге патент бойынша салықтық жүктелім 17,2 АҚШ доллары, ал бірыңғай жер салығы бойынша (ШҚ - на) – 3,8 АҚШ доллары. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдегі салықтық жүктелім Қазақстанда ең төмен (1,4 %).

1-кесте – Мемлекеттік бюджеттен жалпы өнімдегі қолдаудың қаржылық үлесі

	Жекелеген елдер	%
1	Австралия	4
2	Норвегия	-
Рассматривая каждый из этих аспектов в отдельности следует уточнить, что опираясь на рыночную структуру, можно дать следующее определение:

монополия – это форма рынка, в условиях которой весь объём предложения приходится лишь на одного субъекта. Изучая монополию через призму именно этого аспекта, большое внимание уделяется выяснению пространственных границ, в рамках которых определяется господство этого субъекта. Такое пространство принято называть отраслью.

Монополия – это когда в отрасли господствует только одна фирма и где границы фирмы и отрасли совпадают.

Давая же определение монополии с точки зрения рыночного поведения, теория монополии изучает использование субъектом основных инструментов (таких, как цена реклама…). При монополии субъект оперирует этими инструментами, не учитывая конкуренцию, а значит, и интересов конкурентов.

Уделяя наибольший объём внимания рыночным итогам, теория монополии отмечает то, что при монополии итоги связаны со следующими факторами:

-монопольно высокими ценами

- ограниченной готовностью монополии к инновациям.

Признаки монополии:

1. Монополистический рынок представлен одним продавцом и множеством покупателей.

2. Производимая продукция является уникальной (то есть отсутствуют товары-заменители).

3. Вход новых фирм на рынок фактически невозможен из-за барьеров. Могут быть разные причины существования таких барьеров, к примеру:

- крупные размеры предприятий и экономия от масштабов производств;
- система лицензий на выполнение отдельных типов работ, избранно выдаваемых государством;
- монопольное право собственности на использование определённых ресурсов, связанное с производством редкого блага (к примеру, бриллиантов);
- при естественной монополии значение имеют сами условия производства и характер блага;
- нечестная конкуренция, то есть воздействие на покупателей нечестными по отношению к конкуренту способами за счёт большого бюджета и масштабов предприятия в целом.

4. Сложность в получении полной информации обо всём рынке.

Существует три вида монополии: закрытая, естественная и открытая.

Закрытая монополия – это монополия, защищённая от конкуренции юридическими ограничениями, патентной защитой, институтом авторских прав и т.д. Примером может

служить монополия почтовой службы США на доставку почты первым классом.

Естественная монополия возникает в отрасли, в которой долгосрочные средние издержки достигают минимума только тогда, когда одна фирма обслуживает весь рынок целиком. В такой отрасли минимальный эффективный масштаб производства близок к количеству или даже превосходит то, на которое рынок предъявляет спрос по любой цене, достаточной для покрытия издержек производства. В данной ситуации разделение выпуска между двумя или большим количеством фирм приведёт к тому, что масштабы производства будут неэффективно малы. С естественными монополиями, в основе которых лежит экономия на масштабах производства, тесно связаны монополии, базирующиеся на владении уникальными природными ресурсами, о чём говорилось ранее [1].

Открытая монополия – это монополия, при которой одна фирма (по крайнеё мере на определённый срок) является единственным поставщиком продукции, но не имеет специальной юридической защиты от конкуренции. Примером таких фирм можно считать фирмы, впервые вышедшие на рынок с новой продукцией.

А как же происходит регулирование монополий? Какие органы власти их регулируют? Чтобы ответить на эти вопросы хотелось бы для начала рассказать о системе регулирования монополий других стран.

США. Традиционно различают американскую и европейскую модели антимонопольного законодательства. Первая исходит из принципа противоправности всех монополий с включением норм о недобросовестной конкуренции. Американская модель действует, помимо США, в Канаде, Японии, Аргентине. Применительно к США выделяют следующие пять направлений вмешательства государства в деятельность монополий. Во-первых, их прибыли сокращаются за счет высоких налогов. Во-вторых, устанавливается контроль над ценами (для сдерживания инфляции и для давления на цены в высококонцентрированных отраслях). В-третьих, устанавливается государственная собственность на монополии. В-четвертых, осуществляется государственное регулирование промышленности, которое позволяет регулирующим органам наблюдать за ценами, объемами производства, входом и выходом фирм из регулируемых отраслей. В-пятых, государство проводит специальную антитрестовскую политику.

В США главную работу по государственному контролю за монополистической деятельностью проводит антитрестовский отдел Министерства юстиции, который наделен полномочиями возбуждать судебные дела против лиц, которые нарушают антитрестовское законодательство. Кроме Министерства юстиции проведение государственного контроля за соблюдением антитрестовского законодательства осуществляет Федеральная торговая комиссия. Вместе с тем следует отметить, что основная нагрузка в проведении этих мероприятий падает на федеральные суды и, в первую очередь, на Верховный суд США, который оценивает законность или недействительность тех или иных ограничительных условий в договорах или методах хозяйственной деятельности. Дело в том, что указанные законодательные положения и нормы сформулированы достаточно широко. Конгресс США оставил за судебной властью право решать, что составляет «попытку монополизации», «существенное уменьшение конкуренции на свободном рынке», «нечестные методы ведения конкурентной борьбы» и т.д. Два основных государственных органа - Федеральная торговая комиссия и антитрестовский отдел Министерства Юстиции - также обладают широкими полномочиями в этой сфере.

Это означает, что судебным властям нет необходимости доказывать успешность такого рода попыток, либо неразумность определенной цены - достаточно доказать факт наличия договора о координировании цен, чтобы выиграть дело. Более того, обвиняемые по этой статье закона не могут защищаться на том основании, что их действия могли повлечь какие-либо благоприятные последствия для экономической жизни.

Украина. В Украине создана нормативная база по контролю за экономической концентрацией субъектов хозяйствования, в котором обосноновывается недопущение монополизации товарных рынков или существенного ограничения конкуренции на рынке на законодательном уровне. Контроль за экономической концентрацией субъектов хозяйствования на рынке закреплен в ст. 14, 15 Закона «Об ограничении монополизма...», первая из которых регулирует контроль за созданием, реорганизацией (слиянием, присоединением), ликвидацией субъектов хозяйствования, а вторая — контроль за приобретением, передачей в аренду имущества. Это привело к обновлению правовой основы антимонопольного контроля за концентрацией. Повысить эффективность деятельности

органов субъектов хозяйствования, которые осуществляются финансовыми посредниками на аукционах, фондовых биржах и иных организационно оформленных рынках является одной из основных задач государственного регулирования экономики.

В соответствии с законодательством Украины специальной целью антимонопольного контроля за экономической концентрацией субъектов хозяйствования является недопущение монополизации товарных рынков или существенного ограничения конкуренции на рынке.

Способом осуществления контроля за экономической концентрацией в Украине является установленное в законодательстве требование получения предварительного согласия (разрешения, согласования, выводов) органов Антимонопольного комитета на определенные случаи концентрации Антимонопольный контроль за созданием холдингов, промышленно-финансовых групп, деятельностью инвестиционных фондов и компаний имеет определенные особенности [2].

Принципы государственного регулирования находят свое отражение в специальной программе, которую разрабатывает Кабинет Министров Украины и утверждает Верховная Рада Украины.

Казахстан. К особенностям процесса монополизации экономики современного Казахстана относятся:

-включенность исполнительных органов государственной власти в процесс приобретения монопольного положения отдельными хозяйствующими субъектами, сохраняющаяся как «рудимент» административно-командной системы;

-деформированный характер конкуренции в отечественной промышленности, проявляющийся:

а) в поддержке неформальных связей, тенденции к сращиванию крупного бизнеса с органами государственной власти в форме совместного владения,

б) в предоставлении государством льгот и привилегий отдельным (в том числе неэффективным) предприятиям,

в) в сложившейся нестандартной этике деловых отношений, допускающей прямой обман, криминальное давление на конкурентов;

-локализация региональных рынков, сохранение территориальных монополий и, как следствие, появление дополнительных источников для монополизации на региональном уровне, вызванных обособленностью регионов современного Казахстана как субъектов Республики, высоким уровнем транспортных издержек, недостаточной мобильностью ресурсов и неразвитой инфраструктурой;

-высокие административные барьеры, усиливающие регионализацию и локализацию товарных рынков.

Главной проблемой и трудностью является специфика унаследованного от социалистической эпохи монополизма: казахстанские монополисты по большей части не могут быть демонополизированы путем разукрупнения. На Западе демонополизация предприятий-гигантов возможна путем их разделения на части, потому что их монополисты формировались путем объединения и поглощения независимых фирм. Последние, хотя бы теоретически, могут быть восстановлены в качестве самостоятельных компаний. Казахстанские монополисты, напротив, сразу строились как единый завод или технологический комплекс, который принципиально не может быть разделен на отдельные части без полного разрушения [3].

Можно выделить три принципиальных возможности понижения степени монополизации:

1. прямое разделение монопольных структур;
2. иностранная конкуренция;
3. создание новых предприятий.

По поводу первого пути, то можно отметить, что его возможности сильно ограничены.

Второй путь – явился, вероятно, самым действенным и эффективным ударом по отечественному монополизму. Когда рядом с изделием монополиста на рынке находится превосходящий его по качеству и сопоставимый по цене импортный аналог, все монополистические злоупотребления становятся невозможными. Монополисту приходится думать о том, как бы вообще не оказаться вытесненным с рынка. Беда в том, что из-за непродуманной валютной и таможенной политики, импортная конкуренция в очень многих случаях оказалась избыточно сильной.

Третий путь – предпочтителен во всех отношениях. Он устраняет монополию, не

уничтожая при этом самого монополиста как предприятие. К тому же новые предприятия – это всегда рост производства и новые рабочие места. Проблема в том, что в сегодняшних условиях из-за экономического кризиса в Казахстане находится мало отечественных и иностранных компаний, готовых вложить деньги в создание новых предприятий [4].

Следует отметить, что основной отрицательной стороной монополизации экономики является избыточная власть фирм-монополистов. Рыночная власть заключается в способности воздействовать на цену товара. Задача антимонопольной политики состоит в том, чтобы помешать фирмам заполучить неограниченную рыночную власть, расширить возможности конкуренции и перевести ее в неценовую. В Казахстане на данном этапе проблема монополизации перестала быть чисто экономической, и все больше становится политической. Однако, общеизвестно, что у экономики, прежде всего, не должно быть политической принадлежности. И только тогда государство в полном объеме, возможно, сможет заменить десятилетиями складывающиеся монополии свободным и самоорганизующимся рынком.

Литература:

1. Ченберлин, Э. Теория монополистической конкуренции./ Э.Ченберлин / М.: ФГНУ, 2003. – С.22-28.
2. Юданов, А. Ю. Конкуренция: тория и практика./ А. Ю. Юданов / М.: Феникс, 2001. – С.14-19.
3. Байтурсынова, А. С. Картины реальности мнимые и действительные. / А.С.Байтурсынова // Коммерсант - деньги, 1999.-№13-С.67
4. Савина, Г. И. Анализ хозяйственной деятельности на предприятиях. / Г. И. Савина /М.: 2002.- С.18-22

ӘОЖ 339.13 : 663.916

КӘСІПОРЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ («РАХАТ» АҚ НЕГІЗІНДЕ)

А. К. Нурманова – студент
Ғылыми жетекші - М. Б. Султанова аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Адам өз мүмкіндігіне қарай жан – жақты талғамын қанағаттанарлық тауар таңдайды. Тұтынушының талғамын қанағаттандыратын барлық тауарлар жиынтығын – тауар ассортименті дейді.

Маркетингілік іс - әрекетте екі нарық болады:

1. Сатушы нарығы – онда сатушының билігі зор болады, ал тұтынушы нарықтың белсенді мүшесі рөлін атқарады.

2. Тұтынушы нарығы – мұнда тұтынушының билігі зор болады, ал сатушы нарықтың белсенді қатынасушысы рөлін атқарады. Сатушы да сатып алушы да өздерінің коммерциялық іс - әрекеттерінен қанағат табуы тиіс.

Кәсіпорынның маркетинг қызметі нарықты зерттеуде екі позиция ұстанады: 1) тұтынушылардың қажеттерінің ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін зерттеу; 2) нарықты тауарлармен толықтыру, бәсекелестік жағдай, ұқсас тауарлардың болу мүмкіндігін зерттеу.

Бұл екі позицияның таңдауына байланысты біріншісі өнімге бағытталған маркетинг, ал екіншісі тұтынушыға бағытталған маркетинг болады. Өнімге бағытталған маркетинг – бұл кәсіпорынның жаңа тауар шығаруға бағытталғанында қолданылады. Тұтынушыға бағытталған маркетингте кәсіпорынның іс - әрекеті нарық талап ететін сұранысты қанағаттандыруға жұмсалады. Мұнда басты міндет потенциалды қажеттілікті зерттеу, нарықта тұрақты орын табу. Маркетингтің бұл типі коммерциялық істің маңызды бөлігі, себебі кәсіпкер тұтынушылардың талғамын білмей жұмыс істей алмайды. Шаруашылық істі жүргізуде маркетингтің екі типін бірдей мезгілде қолданған жөн. Мұндай істі интеграцияланған маркетинг дейді. [1]


Маркетингте мынандай міндеттер жүктеледі:

- нарықты жан – жақты (кешенді түрде) зерттеу;
- барлық сұранысты анықтау, қанағаттанарлық шаралар жасақтау;
- өндірісті ұйымдастыру басқару жөнінде шаралар белгілеу.

Өндірістің көлемі, ерекшелігі маркетинг талабына байланысты. Маркетинг шеңберінде нарыққа ықпал жасау шаралары неғұрлым мол пайда табуға бағытталған шаралар жасақталып іске асуы керек. Нарықтағы жетістік, шет ел фирмаларының тәжірибесі бойынша, төлем қабілеті бар сұранысты пайдаланатын маркетингті талап етеді.

Кәсіпорынның қосымша пайда табуы үшін жаңа бәсекелестікке қабілетті жоғары тауар шығару процесі мыналардан тұрады: (Сызба-1)

- қосымша пайда түсіретін тауар жасау идеясын қалай, қайдан алу, іздеу;
- ол үшін, нарықты зертеу (ерекшелігін, қаншалықты қажеттілігін, ассортиментін, қасиетін, пайдасын);
- өндіру (қолайлы өндіріс, аз шығынды);
- тиімді баға белгілеу;
- жарнама (тауар жөнінде ақпарат, тұтынушыны ынталандыру, сатып алуды жеңілдету, сыйлықтар, жарыстар т.б);
- өткізу, жеткізу кезеңдері қолайлы өткізу нарығын таңдау, тиеу, тасымалдау; қоймада тиімді сақтау молшылық кезден тапшылық кезге дейін, тапшылық кезді пайдаланып бағаны өсіру, бағаны өсіру арқылы шығынды төмендету;
- сату – көтерме сауда, бөлшек сауда, соңғы тұтынушы;
- табыс деңгейін, қаржыны жоспарлау.



1-сызба – Кәсіпорын механизмі немесе маркетинг қызметі кезеңдері

Қазіргі уақытта "РАХАТ" акционерлік қоғамында техникалық мүмкіншіліктері бүгінгі салалық ғылымдар мен техникалардың даму дәрежесіне сәйкес келетін тәтті тағам өндірісінің барлық дәстүрлік технологиялары бар. Кәсіпорында 3000 адам өнімді еңбек етуде. Өндірістік күштердің жыл сайын 65000 тонна кондитер өнімдерін шығаратын мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта кәсіпорында: бисквит, карамель, ирис, шоколад, кәмпит, зефир шығаратын 6 цех жұмыс істеуде. [2]

Фабриканың зертханасы шикізаттың және өндірудің барлық сатысында өнімнің сапасына бақылау жасап отырады. Салқын тасымалдауыштарды экологиялық қауіпсіз салқын тасымалдауыштарға ауыстыру арқылы салқындату жүйесі жетілдірілді. Өндірісті автоматтандыру деңгейі де тұрақты дамуда. Қолданыстағы механизмдердің 100-ден астамы күрделі жөндеуден өткізілді. Осының бәрі цехтар бір қалыпты жұмыс істеуін, технологиялық процестердің параметрлерінің қатаң сақталуын, цехтардың бар қуатын күшейтуді, қазіргі заман технологияларын қолдануды қамтамасыз етеді. Шоколад дайындайтын цехтың жыл сайын 3,6 мың тонна какао бұршағын өңдеу мүмкіндігі бар. Нәтижесінде жоғары сапалы какао майы, ұнтақталған какао ұнтағы, шоколад глазурі өнімдері дайындалады.

Өнімнің сексеннен астам түрі салмағы 20-500г полипропиленді, картонды, флатты қаптамаға бөлшектеп салынып шығарылады. Бұдан басқа, фабриканың кондитерлік өнімдер ассортиментіне төмендегілер кіреді: шоколад - вафелді, пралине, помадалы және желе, көп кабатты кәмпиттер; мұздақ, жеміс-жидек толтырыл- ған, бұлғанған, помадалы және кабатталған салмалары бар, глазурленген карамельдер; сегіз түрлі ирис. желатиннен


жасалған мармелад, капол және қант қосылған желелі мармелад пен глазурленген мармелад, ақшыл-қызғылт зефир және глазурленген зефир, дессертік тақта шоколадтар, сүт қосылған, ащы, қоспалар қосылған және салмалары бар шоколадтар, кеуекті шоколадтар; негізі желатиннен жасалған мармелад, жаңғақ пен жүзімнен жасалған драже; қлшеулі, бөлшектеп өлшенген, глазурленген вафли; түрлі қаптамадағы қантты және затяжное печеньелері; диабетпен ауыратындардың тұтынуына рұқсат етілген нәрлілігі төмендетілген қант алмастырғыштарынан жасалған "На здоровье" сан алуан түсті брендінің құрамына кіретін шоколад, кәмпит, печенье, вафли, драже; шығыс тәттілерінің төрт түрі бар. [3]

"Рахат" АҚ-ы шығаратын өнімдерді тұтынушылар жоғары бағалайды. Оған кәсіпорын өндірген өнімдердің Қазақстандағы тұтыну көлемінің жыл сайын артуы дәлел бола алады. Сонымен қатар, тамақ өнеркәсібіндегі кәсіби мамандардың сараптамалық бағалауы бойынша, өндірілген өнімдер қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктер деңгейіне сәйкес келетінін растайды.

2007 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесіндегі аудит нәтижесінде «Рахат» акционерлік қоғамы сапа менеджменті жүйесіне сәйкес сертификат алды. Бұл сертификат «Рахат» АҚ-да енгізілген сапа менеджменті жүйесінің халықаралық ИСО 9001-2000 стандартының талаптарына сәйкес екендігін дәлелдейді. Сертификаттау органы берген баға – компанияның сапалы және сұранысқа ие өнім өндіруге мүмкіндік беретін барлық жұмыстар мен жетістіктерді жүйелеуде жасаған үлкен жұмысының нәтижесі. Үшінші жақтың аудиті компаниядағы процесстерді, ресурстарды, қызметкерлерді басқару жүйесі тұтынушы сұраныстарын түсінуге және қанағаттандыруға мақсатталғандығын дәлелдеді, ал сапалы кондитерлік өнім өндіру барысындағы барлық қажеттіліктерді нақты анықтау және құжаттау, алдыңғы қатарлы жабдықтарды пайдалану, шикізатты мұқият іріктеу және дайын өнімді шығару кезіндегі көп сатылы бақылау «Рахат» АҚ-ы өнімінің тұрақты және сапалы болуын тұтынушыларға қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын өз өндірісін одан әрі жалғастыруға ерекше көңіл бөліп, маркетингтің функциялы қызметінің бөлім құрлымын құруды ойластырып 1997 жылы наурыз айында кәсіпорынның маркетинг бөлімі құрылды.

Кәсіпорынның мақсатына жетуі көбінесе факторлармен функционалды ұйымдастырылуына байланысты болады, яғни кәсіпорын маркетинг қызметін функционалды сипатымен ұйымдастырса, мұнда әрбір сол қызметті функционалды мақсатты жеке тұлғасы, немесе тұлғалар тобы белгілі жауапкершілікті өзіне артуын белгілейді. «Рахат» АҚ-ның маркетинг құрылымы бес бөлімнен тұрады (сызба - 2).



2-сызба – Маркетинг бөлімінің құрылымы.

Маркетинг қызметін функционалды сипатында таңдалып алынған тауар түрлері және нарық саны ең алдымен фабриканың өзіне тиімді болуы тиіс. Бұл ұйымдастыу түрінде тауарлар. Нарықтары бірқалыпты болады.

3-ші сызбада көрсетілгендей маркетинг бөлімшелері олардың атқаратын қызметтеріне сай құрылған. Бірақ бұл құрылымда өндіретін өнімдер ассортименті көбейген сайын өндіріс иекемділігі төмендейді, себебі сыртқы ортадағы өзгерістерге икемдену және оған жауап беру уақыты азайады. Маркетингті ұйымдастырудың бұл түрі ағымды тиімділікке бағытталған және оның стратегиясына икемділілігі жоғары жаңалықтарды енгізу мен қатар жаңа технологияларды пайдаланып, тұтынушылардың жеке топтың қажеттері мен талғамдарын калыптастырып отыр.

№	Бөлімдер	Атқаратын міндеттер
1.	Маркетингті зерттеу бөлімі	- әлеуетті тұтынушыларды анықтау; - олардың қажеттерін зерттеу; - нысаналы нарықты таңдап алу үшін тауарға бүгінгі және болашақтағы сұранысты белгілеу; - нарыққа жаңа тауарды дайындау және оны өндеп шығару.
2.	Баға бөлімі	- тұтынушының, тауардың сату орнының - ерекшелігіне қарай, түпкі бағаны белгілейді; - баға деңгейін маркетингтік ортаның факторларына қарай анықтайды; - тұтынушыларға баға арқылы жеңілдіктер жасайды.
3.	Өткізу бөлімі	Өндірістің дамуына және тұтынушылардың қажеттеріне байланысты, өткізу кезінде тұтынушының талғамы мен қалауына да көңіл бөледі. Сонымен қатар көзделген табысқа жету үшін бір қанша өткізу каналдарын ұйымдастырады. Мысалы: көтерме сауда, бөлшек сауда.
4.	Жарнама бөлімі	Өндірісті өткізу, тауарды сатып алушыға қарай жылжыту, тауарды тартымды көрсету барысында, жарнама тарату құралдарын пайдалану.
5.	Маркетингті бақылау	Бұл әдіс арқылы өз мақсаттарына жету үшін маркетингтік іс-әрекеттердің барлығын бақылайды. Бұл бақылау үш жағдайда жүргізіледі: жылдық жоспардың орындалуы, пайда деңгейі және стратегиялық бақылауларды жүргізеді. Кейде жасырын түрде бақылау жүргізу арқылы тұтынушыларын түсінбеушілік келіп шығады.

3-сызба – «Рахат» АҚ маркетинг бөлімінің атқаратын міндеттері.

«Рахат» ашық акционерлік қоғамының өндіретін тауарларының тұтыну сипаттамалары оның нарыққа ұсынған тауарына, нарық жағдайына байланысты. Неғұрлым кәсіпорын жұмысы күрделі болса соғұрлым құрамы да көп болып, тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру мен тауар ассортименті қалыптасады.

Тауар ассортименті – кәсіпорын өндірген белгілі тауардың барлық түрлерінің жиынтығы. Оған әр түрлі тауар түрлері кіреді, мысалы (ирис, шоколад, вафли,зефир, т.б.) функционалды артықшылықтарына, сапасына, бағасына қарай әр түрлі сұранысқа ие болады.

Қазіргі кезде дайын конфеттері ғана емес, көтерме және бөлшек сауда технологиялары бойынша бәсекеге қабілетті өнім өндірісі тәжірибе жүзінде жетілген. [4]

«Рахат» акционерлік қоғам жарнама іс-әрекетінің құрылымын келесі бағыттарда енгізеді: «Рахат» АҚ бейнесін қалыптастыру баспа сөз басылымдары мен теледидарда жарнама шараларын енгізді. Баспасөзде бейлелеу үшін төмендегідей ақпаратты қолданады.

Тауарлық жарнама көлемі келесі бағыттарда белсендікті енгізеді:

1. «Рахат» акционерлік қоғам өнімі ассортименті, бағалары, сату шарттары жәйлі аудиториясы үшін ең көп мөлшердегі сұраным кезінде үш басылымда айына төрт рет жарияланады. Жаз айларында өнім туралы кең түрдегі ақпарат айына бір рет шығады.
2. Жалпы сипаттағы ақпарат үлгілері түрінде тауарлық жарнама: Алматы қаласы үшін айына 4-5 рет; Республикалық газеттерде айына 2 рет жариялым жасаса, ал облыс орталықтарының жергілікті басылымдарында айына бір жариялымнан тұрады.;
3. Өнімнің жеке түрлерін жылжыту бойынша тауарлық жарнама; баспасөзде арнайы үлгілік жарнама шығарылымы, сонымен қатар қосымша құралдар пайдаланылады. Оларға визуальды жарнаманың стационарлық объектілері, үнпарақтар, плакаттар, коммуналдық қызметтерге төлем түбіртектері жатады.

«Рахат" ационерлік қоғам туралы нарықтың ақпараттану мақсатында иландыру, еске түсіру сипаттағы жарнама орындалады. Оны жүргізу бейне және аудиороликтер аркылы кондитер тағамдарына ең көп мөлшердегі сұраныс кезінде жоспарланып отыр. Теледидарда жеке хабарлармен бағдарламаларға қоспалар аркылы, мұндай жарнаманы жыл бойы негізінен демеушілік іс-әрекет бойынша орындау керек. Осындай жарнаманың мақсаттарына жету үшін визуальды жарнаманың стационарлық объектілері тиімді. Плакаттық және баскада полиграфиялық бұйымдар тұтынушыларды ақпараттандыру мен қатар функцияларды орындайды. Осы мақсатта үш өлшемді плакаттар, калта күнтізбелерін шығару жоспарланып отыр. Берілген бағыт шектерінде фирмалық киім немесе оның элементерін жасау қажет.

Кәсіпорындардың тауар таңбасын пайдалану өнімдерге сатып алушыларды жұмылдыруға тікелей әсер етеді. Әйгілі кәсіпорындардың тауар таңбасы тағамдар сипатының кепілдігі болып, өнімдердің нақтылығын растайды. Бұл он жыл бойы калыптаскан жолдары сапа салттары, сатып алушылар арасында жоғары бедел мен

әйгілікпен ерекшеленеді. Сонымен, тауарды жылжыту жөніндегі кәсіпорын іс-әрекетін талдау нарықтағы белсендігін қамтамасыз ететін ынталандыру, насихаттау, жеке сатулар, делдалдармен өзара әрекет және басқада құрамдастарын енгізетін маркетингтік кәсіпорындардың күрделі жүйесін басқарып отыр.

Жаңа жылдық сыйлықтарды жинақтау цехы іске қосылды. Ол өз кезегінде өндіріс өнімділігін көтеруге, шығарылатын өнім ассортиментін кеңейтуге және еңбек жағдайын жақсартуға жағдай туғызады. «Курочка ряба» кәмпитінің көркем қорабының жобасы өзгертілді. «Любимый», «Ягодная поляна», «Желейный в сахаре» агардан жасалған мармелад қаптамаларының материалдары мен дизайны өзгертілді.

Жалпы бүгінгі таңда «Рахат» ашық акционерлік қоғамы Қазақстандағы тамақ өнеркәсібінің алдыңғы қатарлы табысты кәсіпорны болып саналады. Оған дәлел ретінде оның әлемдік стандартқа сай дәмді де сапалы және басқа қабілетті өнім түрлерін өндірумен байланысты деуге болады. Ал, ол кәсіпорынның қызметінің табыстылығы мен тиімділігін көрсетеді.

Жұмысты қорытындылау барысында, кәсіпорынның маркетинг қызметін тиімді ұйымдастыру үшін келесідей ұсыныс береміз:

1.Қазақстанның кәсіпорындарындағы маркетингтік қызметті дамыту үшін, Интернет жүйесінде Бірыңғай Сауда Маркетинг Орталығын құру керек. Бұл дегеніміз, яғни интернет жүйесі арқылы маркетингтік қызметті дамыту, тұтынушылар нарығын қылыптастыру, өткізу каналдарын ұйымдастыру, тауарды жарнамалау, тауарды сату және сатып алу операцияларын ұйымдастыру.

2.Кәсіпорында маркетингтік қызметті ұйымдастыруда шет елдердің тәжірибесін пайдалану керек. Бұл шет елдердің маркетинг қызметінің ұйымдастыру жолдарының жаңа ыңғайын біліп дамыту және мүмкін бұл жүйе кәсіпорын үшін жаңа дамудың қадамы болар.

3.Сонымен қатар, кәсіпорында тұтынушылардың дәстүрлі және спецификалық қажеттіліктерін есепке алу бойынша жұмыс шараларын жүргізу керек. Мысалы, озық технологияларды қолдану арқылы экологиялық таза, толық рационды, тағамдық құндылығы жоғары өнімді қолға алуға болады. Әрине мұндай өнімнің құны дәстүрлі өнімге қарағанда қымбат болады, бірақ ол өз тұтынушысын табары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Айрих, Н. А. "Кәсіпорындағы маркетингтік қызметті тиімді ұйымдастыру". / Н.А.Айрих // Вестник 2007ж. № 8, 18-28 б.б.
2. Бисенғазиев, М. Б. «Кәсіпкерлік негіздері» / М. Б. Бисенғазиев, А. Ш. Хамитов //Орал-2001жыл145-150б
3. E-mail: rachat-tk@mail.kz
4. Елеумұратов, М. Р «Шағын кәсіпорындардағы маркетинг қызметі»./ М.Р.Елеумұратов // Егемен Қазақстан 2008 жыл 14-қараша

ӘОЖ 342.4

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАР АССАМБЛЕЯСЫ – ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУШЫ ФАКТОР РЕТІНДЕ

А. К. Нурманова – студент
Ғылыми жетекші - М. Б. Султанова аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Қазақстан халықтары Ассамблеясы – Президент пен тәуелсіз Қазақстанның бастамасы әрі сәтті жобалардың бірі дер едім. Бүгінде Ассамблея ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды реттеуші беделді қоғамдық институтқа айналып отыр. Ел ішінде орын алған маңызды оқиғалардың бірде–бірі Ассамблея және оның өкілдерінің қатысуынсыз өткен емес. Еліміздің ірі қалаларында ғана емес, аудан орталықтарында, тіпті ауылдық жерлерде де Ассамблеяның ұйымдастырушы құрылымдары бар. Қазіргі таңда халықтың қызығушылығын оята алатын және қоғамдық пікір қалыптастыратын үлкен күшке айналып отыр. Онымен

санаспауға болмайды. Сондықтан мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған өз жолдауында Ассамблеяның рөліне жоғары баға беріп, оны ары қарай күшейтуге шақыруы заңды да. Президентіміз елдегі демократиялық реформалар бағдарламасын жасау және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында да «Ассамблея беделін заң жүзінде нығайтып, практикалық әрекетінің саласын кеңейту қажет» деген болатын. Ассамблея қазір қоғам үшін мемлекет арасындағы мекеме ретінде қарастырылып отыр, бірақ ол заңды тұлға емес. Ассамблея өз қызметін халық пен мемлекет мүдделерінің басым, жариялылық пен демократия, тең құқықтық және мүшелердің оның құрамындағы қызметі үшін жеке жауапкершілігі, заңның үстемдігі, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген көзқарасына, әлеуметтік топтарға қатыстылығына қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен теңдігі, ұлттық мәдениеті, Қазақстан халқының тілдері мен дәстүрлерін жан-жақты дамыту, халықаралық ұйымдармен Қазақстандағы және шет елдердегі азаматтық қоғамның институттарымен интеграциялық байланысты кеңейтуге сүйене отырып құрылады. Ассамблея мүшелері – бұл жай ғана өз этностарының өкілдері емес, бірінші кезекте, олар өздерінің бойында еліміздегі кез келген ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша жоғары азаматтық пен мемлекеттік көзқарас таныта алатын Қазақстанның патриоттары.

Қазіргі таңда, бірқатар елдердегі этникалық және діни шиеленістер тұрақты қарқынмен өсе отырып, елеулі қатер төндіріп отырған кезде, Қазақстан осы салада туындаған проблемаларды жүйелі түрде шешуге болатынын көрсетіп отыр. Біздің еліміз азаматық бірлік пен келісімнің тиімді үлгісін жасай отырып, оны бір халықтың басқа халыққа басымдық көрсететін бүлдірушілік идеологиясына қарсы тұра білді. Ұлтына және діни сеніміне қарамастан, барлық қазақстандықтардың бір-бірін құрметеуі және теңдігі, қоғамдық келісімді бұзжытпай нығайту және этносаралық қатынастарды үйлестіру қазақстандағы мемлекеттік саясаттың Н. сты артықшылығы болып келді және бола бермек. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясаттың іргелі институтына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының әлемде теңдесі жоқ. Осының бәрі Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н. Назарбаевтың саясатының, мемлекеттің, азаматтық қоғам институттарының және барлық көп ұлтты халықтың тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап республикада дәйекті жүргізіліп жатқан күнделікті және қажырлы жұмысының нәтижесі. Қазақстан халқы Ассамблеясы алдындағы басты міндет - қоғамда азаматтық келісім мен татулықты нығайту болса, айқындалып отырған сратегиялық мақсат қоғамдық бірлік пен біртұтас қазақстандық, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру болып табылады. Оны жүзеге асырудағы Ассамблея алдында бес ауқымды бағыт айқындалып отыр.

Біріншіден, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Қазақтарда «Отаны бірдің- тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да жүрегі бір қаншама ұлыстар мен ұлттарды біріктіріп отырған толеранттылығымызды дүние жүзі мойындаған Қазақстан атты елміз. Алысқа бармай-ақ оны кеше ғана өткен Еуразиялық медиа-форумға қатысушы шет елден келген сарапшылардың Қазақстанға берген жоғарғы бағасы дәлелдей түседі. Отанымыз алдында тұрған әлемдегі бәсекеге қабілеті 50 елдің қатарына ену мақсаты көпұлтты Қазақстан халқының ынтымақтастығы мен бірлігінсіз мүмкін емес. Жалпы, Қазақстандық патриотизм кіндік қаның тамған жерге деген ерекше қасиет- сүйіспеншіліктен туындайды. Көп жағдайда патриотизмге тәрбиелеу ісі Білім және ғылым министрлігінің міндеті деген түсінік қалыптасқандай. Алайда, тәрбиелеу көзі отбасы мен белгілі бір министрліктің құзырындағы мәселе ғана емес, ол барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институтардың міндетіне айналуы керек. Сонымен қатар, бұл іске қоғамның бүкіл саласы, кіші және орта бизнес өкілдері, кәсіпорындар мен ұжымдардағы түрлі мамандық нелері толығымен тартылуы тиіс.

Екіншіден, тіл саясатын жүзеге асыруда Ассамблеяның белсенділігін арттыра түсу. Тіл - ұлт саясатының өзегі болғандықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық сессиясында да мемлекеттік тіл мәселесі көтеріліп жүргені белгілі. Көптеген сессияларда Елбасы, Ассамблея төрағасы Н.Назарбаев: «Тіл еліміздің барша азаматтарын біріктіруге ықпал ете алатын бірден - бір құрал ретінде қарастырылуы керек», - дейді.[1] Сонымен қатар, мемлекеттік тілді білетін қазақ емес мемлекеттік қызметкерлерді материалдық ынталантырудан бастап, іс- қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді бөліп - жармай енгізуге дейін нақты тапсырмалар берілді.

Үшіншіден, Ассамблеяның басқа азаматтық қоғам-институттарымен өзара байланысын нығайту. Бұл міндет өте ауқымды жаңа бағыттар бойынша әрекет етуді кажеттсінеді. Ең

алдымен, этностық ұйымдармен қатар, азаматтық қоғамдық ұйымдармен де бірлесе жұмыс жүргізу жоспарланып отыр. Мұндай бірігіп жасалатын әрекеттер болашақта нәтижесін беретіндігіне сендіреді.

Төртіншіден, ұлтаралық қатынас саласын деструктивті күштердің саясиландыруына жол бермеу қажеттілігіне бірнеше рет назар аударған болатын. Ассамблея осы қағиданы үнемі басшылыққа алып келеді. Дәл осы ұстаным Ассамблеяға жаңа Конституция қабылдау және қоғамдағы тұрақтылықты сақтау жайл, жалпы азаматтық меморандумға қол қоюы туралы ұсыныстар жасуға мүмкіндіктер берді. Халықтың демократиялық саяси институттарына айналып отырған осы бірегей қоғамдық институт болашақта да аталған қағидаға сүйенбек.

Бесіншіден, шет елдерде ұлтаралық қатынастың қазақстандық моделін насихаттау жұмысын жалғастыру.

Қазіргі күні Ассамблеяның заңнамалық базасы және оның практикалық әрекет ету саласы күшейтілуде. Өйткені ұлттық – мәдени бірлестіктердің жауапкершілігін арттырудың уақыты пісіп–жетілді. Еліміздегі ұлтаралық татулық пен бірлік көптеген мемлекеттердің қызығушылығын арттыруда. Осы аталған мәселелер бойынша Қазақстанның шетелдердегі имиджін арттыру мақсатында Ассамблея іс-шаралар ұйымдастыруды көздеген болатын. 2006 жылы 28 маусымда Үкімет қаулысымен бекіткен «Этносаралық және конфессияаралық келісімінің Қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылға арналған бағдарламалары» негізінде Қазақстан этностарының тарихи отандарымен қарым - қатынасты нығайтудың іс шаралары қабылданған болатын. Осы бағдарламаларды орындау, еліміздегі орныққан ұлтаралық бірлікті, мемлекеттің ұстанған ұлттық саясатын насихаттау мақсатында Ассамблея шетелдік ұйымдармен қарым-қатынасты нығайта түсуде. Бірнеше жылдар бойы шетелдерге ресми делегациялар ұйымдастырылды. Шетелдік іс-сапарлардағы саяси-экономикалық, әлеуметтік оң өзгерістерге жоғары баға берілді. Мысалы, Белгиядағы «Тең мүмкіндіктер және нәсілшілдікке қарсы күрес» орталығының директоры Иозеф Де Витте «Дәл осындай Ассамблеяны бізде құру орынды болар еді, бұл модель бізді қызықтыруда, біз де оның сіздердегідей барлық проблемаларды шешу мүмкіндігіне ие болған ресми мәртебесі бар, барлық халықтардың мүддесін қорғайтын орган болғанын қалаймыз» десе , АҚШ-тың сыртқы саясат мәселесі жөніндегі ұлттық комитетінің директоры М.Риквин «Сіздердің көптеген көршілеріңізді тәуелсіздікпен құттықтауға болады, бірақ жетістікпен құттықтауға келмес. Ал сіздерді экономикалық, әлеуметтік жетістіктермен құттықтауымызға болады. Сіздерде өмір сүру деңгейі жоғары. Президенттеріңізге халқыңыз сенім білдіріп отыр. Оның халықаралық деңгейдегі беделі өте жоғары. Соның нәтижесінде ел алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу бағытында тұр» деді. Ресей мен Украйна елдері де Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысына деген қызығушылықтарын жасырмады. Ресейде біздің Ассамблея үлгісі бойынша, Ресей халықтарының Ассамблеясының құрылғандығын ескерсек, біздің қазақстандық тәжірибенің маңызын түсіне беруге болады. Мысалы, Ресей халықтары Ассамблеясы Кеңесінің төрағасы Р.Абдуллатипов «Этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудағы Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі өте жоғары» екендігін баса көрсетті. Фордхэм университетінің деканы, профессоры П.Мордвидж: «Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел» дей келе, ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керектігін айтты. [2]

Соңғы жылдары Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясы еліміздегі ұлтаралық тұрақтылықты, діни және мәдени қарым – қатынасты жетістіктерді насихаттау бойынша түрлі беделді бағдарлама қалыптастыруда. Мұндай жұмыстар, әсіресе еліміздегі ұлттық қауіпсіздіктің нығаюына және өніріміздегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің күшеюіне ықпал етеді. Осы аталған жұмыстардың табысты орындалуы ассамблеялықтардың Қазақстан қоғамын жақсарту үшін үлес қосуына ұлтаралық бейбітшілік пен бірліктің күшеюіне, халықтың әлеуметтік қорғалуына, әрбір азаматтың құқығы мен еркіндігінің сақталуын қамтамассыз етуге әсерін тигізеді. Үкіметтің заңдард қабылдау жиналысында конституциялық реформа туралы және Ассамблеяның беделін көтеру туралы Қ.Р Президентінің ұсынысы жақсы қабылданған болатын. Осы бағытта, облыстық ассамблея өз жұмысын әр түрлі бағытта ұйымдастырып отыр. Мысалы, ұйымдастыру - әдістемелік істе облыс әкімі, облыстық ассамблеяның төрағасы Б.Ізмұхамбетовтің төрағалық етуімен облыстық ассамблеяның XI сессиясы өтті. Облыстың ассамблеялық құрамы жаңартылды, 123 адамға жетті. Үйлестіру кеңесі 25 адамнан тұрады. Құрамымызға «Грамада» беларус

ұлттық мәдени орталығы енгізілді. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту жөніндегі мәдени – ағарту жұмысының жаңа міндеттерін белгілеумен қатар ұлттық –мәдени орталықтарда кездесулер, қоғам мүшелерінің жиналыстары жүргізілуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында жыл сайын түрлі ұлтарды мәдени күндері өткізіліп жүр. Діни бірлестіктер басшыларымен мәдени ұлттық бірлестіктерінің мүшелерімен сенімді байланыс орнату үшін Қазақстан Ассамблеясы Қазақстан – 2030 даму стратегиясының орындалуы бағытында түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізіп келеді. Облыс аймақтарында Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясының бұқаралық насихаттау тобымен кездесулер, жиналыстар және дөңгелек үстелдер өткізілді. Кіші Ассамблеяның алдына алдына қойылған мәселелердің жүйелі түрде іске асуына көмекші координациялық кеңес құрылған. Кеңес жұмысы жоспарға сәйкес өтеді және отырысы тоқсанда бір рет өткізіледі. Қазақстан халқының әл – ауқатын көтеру – мемлекет саясатының басты мақсаты тақырыбында Елбасымыздың Қазақстан халқы жолдауын орындау шаралары туралы мәселе қаралып, жоспар құрылды. Осыған сәйкес координациялық кеңес мүшелері білім, мәдениет және еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кіші Ассамблея төрағасы, облыс әкімі Б.С.Ізмұхамбетовтың бастамасымен жастар бірлестіктерінің, ұлттық мәдени бірлестіктері өкілдерінің, мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен Қазақстандық патриотизм және саяси бостандық жаңа Қазақстанды орнатудың ең маңызды факторы тақырыбында кеңейтілген координациялық кеңеске сәйкес, Еліміздің дамуындағы қоғамдық бірлестіктердің ролі және ішкі саяси тұрақтылық жайы талқыланды. Жексенбілік сыныптардың тәрбиеленушілері Орал қаласындағы ұлттық-мәдени бірлестіктермен тығыз байланыста, олар ұйымдастырған барлық мәдени-ағарту шараларына белсене қатысады. [3]

Облыстық мәдениет басқармасы Қазақстан халқы кіші ассамблеясымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. 2003 жылы құрылған Достық үйінде армян, әзірбайжан, неміс, корей, қазақ, кәріс, татар, украин халықтарының ұлттық-мәдени орталықтарымен бірге жұмыс істеп келеді.

Ұлттық-мәдени орталықтар Достық үйі (Жастар шығармашылық орталығы) ұжымының техникалық және әдістемелік көмегімен тілдерді дамытуға бағытталған, ұлттық әдет-ғұрыптарды насихаттауы бойынша мәдени-көпшілік шараларды өткізіп келеді.

Облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен Украинадағы Қазақстан жылы жариялануына байланысты, «Еднання» украин мәдени-ағарту қоғамы маусым айында қалалық мәдениет және демалыс саябағында «Сорочин жәрменкесі» атты мерекесін өткізді.

Орал еврей мәдени-ағарту қоғамы Достық үйінде «Пурим» балалар мейрамын және желтоқсанда «Хануки» ұлттық мейрамдарын өткізді.

Жастар шығармашылық орталығы би кешін, кездесулер, әр ұлт өкілдерінің танымал адамдарының атаулы күндеріне, еске алу кештерін өткізуге әрқашан өз көмегін беріп отырады. Олар үшін көрермен залы, дыбыс күшейткіш және музыкалық аппаратура, сценариялар құрылып, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып тұрады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған облыстық халықтар достығының фестивалі жоғары деңгейде өткізіліп, көпшіліктің көңілінен шыққан мәдени шара. Барлық аудан мен қалада өткізілген фестиваль турларына түрлі ұлт өкілдері қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Ресей Федерациясының Тәелсіздік күніне орай, Қазақстан халқы кіші ассамблеясының қолдауымен орыс мәдениет орталығы Достық үйінің сахнасында мерекелік концертін қойды.

Сонымен қатар, қалалық мәдениет және демалыс саябағында татар мәдени орталығы «Сабан той» ұлттық мейрамын татар аудандық орталықтарымен бірге өткізді.

Қазақстан халқы кіші ассамблеясы және «Орыс мәдениет орталығы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен мемлекеттік тілді жетілдіру мен насихаттау мақсатында Достық үйінде «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты өзге ұлт өкілдері арасындағы байқауы өздырылды.

Украинаның Харьков қаласында өткен шаңғы жарысы бойынша спринттен жерлестеріміз Елена Антонова Еуропа кубогын қанжығасына байлады, Мұртас Қажығалиев шахматтан әлем біріншілігінде елдің намысын қорғап, Елена Бережная жаттықтырушылығымен көғалдағы хоккейден Оралдың қыздар командасы Қазақстан чемпионы болып атанған, Олимпиада ойындарына жолдама алып жүрген садақ атудан Анастасия Баннова, Ерболат Байбатыров самбо күресінен, Ольга Жанибекова еркін күрестен, Илья Варич пен Антон Гиганов велоспорттан, Алмас Салхаев грек-рим күресінен, Жұмагелдиева Алтынай дойбыдан Жайық өнірінің атағын шығарып жүр. Осындай көпұлтты

спорттық құрама командамыз ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін кеңінен насихаттап, халықтар достығын нығайтып жүр. [4]

Облыстық денсаулық сақтау департаменті де салауатты өмір салтын насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмысын жүргізіп келеді. Арнайы хабарлар мен кәсіби мамандардың кеңестері «Денсаулық» бағдарламасында теледидар мен радио арқылы таратылып отырады. Осы бағытта плакаттар, ақпараттық бюллетеньдер шығарылып, газет беттерінде дәрігерлік кеңес пен ем әдістемелері туралы мақалалар жарық көріп жүр.

Қазақстан халық Ассамблеясы дүние жүзілік деңгейде, БҰҰ-да және Европалық қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі ұйымда өзізінің жоғары бағасын алды. Қазақстан ұлтаралық қатынас саясатында әлемдік кеңістікте әрқашан өнеге тұтатын ел болып қала береді. Ассамблея жұмысын оның құрамындағы халықтардың тыныс - тіршілігін шетелдік қандастарына жақынырақ таныстыру мақсатында шетелдерге барып, әріптестік жасап жүр. Бұл біздің халықтар достығын дүниежүзіне таныту, ішкі тұтастығымыз бен рухани байлығымызды көрсету барысындағы қарышты қадамдарымыз. Тең атаның баласы теңдікке шыдағанмен, кемдікке шыдамайды. Қазақстан Ассамблеясы бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдырып, барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Оның еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді халықтар достығын нығайтуда маңызы зор. Дегенмен Ассамблеяның бүгінгі іс-шараларын, мазмұнында басқа бір формаға келтіру керек сияқты, яғни Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыруға лайықты ауқымды жұмыстарды атқарса деп ойлаймын. Мысалы, оны бүгінгі қоғамға сай етіп, әділ құру қажет. Сонымен қатар Ассамблея жұмысының маңызын арттыру мақсатында мына мәселелерді жүзеге асыру керек деп ойлаймын:

Біріншіден, елдегі және әлемдегі этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін және демократиялық әрі табысты мемлекет құрудағы оның рөлін кеңінен насихаттауға республиканың бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің, этномәдени қоғамдық ұйымдарының, азаматтық қоғам институттары өкілдерінің қатысуымен келелі істерді жүйелі түрде жалғастыру керек.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев алға қойған жаңа міндеттерге сәйкес ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім сияқты қазақстандық саясаттың дәстүрлі басымдықтарын баянды етумен және насихаттаумен қатар ішкі саяси қызметті жетілдіру саласында оларды әлемдегі құбылмалы саяси жағдайға белсенді түрде бейімдеу.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары мен Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің Қазақстанның 2010 жылы ЕЫҚҰ-на төрағалық ететінін ескере отырып, 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде парламентаралық байланысты тереңдету және Еуропа елдерінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің оң иммиджін нығайту жөніндегі жұмысты жандандыруы керек.

Төртіншіден, Этносаралық қатынастарды нығайту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясының, Қазақстан халық Ассамблеясы және өңірлердегі ассамблеялар республикалық және жергілікті деңгейлерде бірлескен іс-шараларды әзірлеп, жүзеге асыру практикасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының Ассамблея Хатшылығымен және өңірлердегі Қазақстан халқы ассамблеяларымен осы бағытта келісілген іс-қимылдарды әзірлеуді жалғастыруы; [5]

Қазақстанда бүгінде ұлтаралық деңгейдегі қақтығыстың туындауына әсер ете алатын объективті жағдайлар мен күштер жоқ. Алайда солай екен деп қарап отыруға болмайды. Өйткені бейбітшілік пен тұрақтылық өзінен - өзі орындалмайды. Әлеуметтік тұрақтылық жағдайына халықтың әл-ауқаты, жұмыссыздық, әлеуметтік тұрғыдан саралану, көлеңкелі экономикалық даму, жемқорлықтың әсер етуі бек мүмкін. Тәуелсіздіктен бергі 17 жыл ішінде ұлтаралық келісімді нығайту мен сақтаудың және қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудың өзіндік моделі қалыптасты. Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық Қазақстанның ұлтаралық келісімді ұйымдастырудағы тәжірибелерін мойындады десек те болады.

Байқап отырғанымыздай қазір көбінесе жаһандану үрдісінің кері әсері барысында трансұлттық күрделі қылмыстар бой көтеруде.

Ассамблея – конституциялық мәртебесі бар консультативтік – кеңес беруші орган. Ұлттың басын біріктіріп, татулықтың үлгісін танытып келе жатқан Ассамблеяның мемлекеттік саяси құралын нығайтуда ең маңызды институтқа айналғанын, оған конституциялық өкілеттілік пен мәртебе берілуі қоғамдағы жариялылықты білдіреді. Егер біз беделді әрі бәсекеге қабілетті ел болғымыз келсе, онда біртұтас әрі топтасқан ұлтқа айналуымыз керек. Ортақ құндылықтармен кіріккен, тілдік ортасы жарасым тапқан ұлтқа өткенге емес, тек болашаққа құлаш ұрған ұлтқа айналуымыз керек. Қорытындысында айтарым, Қазақстан халқы Ассамблеясы – ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтушы фактор ретінде ең маңызды институтқа айналып отыр. Келешекте дамыған 50 елдің қатарына қосылғалы отырған болашағы зор Қазақстанның басты байлығы – халықтың татулығы, бірлігі. Бірлік пен келісім – қоғам және мемлекет тарапынан жүргізілген үлкен жұмыстың кемісі, олай болса, ұлтаралық қарым-қатынас саласындағы біздің жеткен жетістіктерімізді сақтау мен арттыруға әркімнің жауапты екендігіне ереше тоқталуымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев, Н.Ә. "Казакстанский путь "./ Н.Ә.Назарбаев /Караганда, 2006ж. 148-168 б.б
2. Қасынғалиев, Д.М "Ұлттық бірлік ". / Д.М.Қасынғалиев / Алматы, 2001 ж.105-110б.б
3. Әлиев, Ж.Б. "Облыстағы кіші Ассамблея қызметі "/ Ж.Б.Әлиев / Түркістан 2007, 1-сәуір.
4. Салан, Б. А. "Ассамблея ұлтаралық қатынас құралы ретінде",
5. Хайруллин, С.У."Ұлттық мәдениетті қалыптастырудың жолдары "/ С.У.Хайруллин."// Президент және халық 2009ж, 15-ақпан.

ӘОЖ 339,138:338,43

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНДА МАРКЕТИНГТІ ДАМЫТУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Ж. С. Оксикбаева - студент
Ғылыми жетекші - М. Б. Султанова аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазастан аграрлық-техникалық университеті

Еліміздегі экономиканы қайта құру және нарықтық қатынастарға өтудің негізгі талаптары мен шарттарының теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді қажет етті.Соның ішінде маркетинг принциптері мен әдістері маңызды орын алды.Нарықтық әдістер мен принциптерді зерттеу және оны іс - тәжірибеде қолдану арқылы тек еліміздің негізгі экономикалық мәселелерін шешіп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық процеске интеграциясының негізгі шарты ретінде қарастыруға болады.Қазіргі жағдайда отандық кәсіпорындардың жетістігі мен тиімділігі олардың өнімдерінің бәсекелкстік қабілеттілігі мен маркетингті қолдану тиімділігімен анықталады.[1]

Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар тәуекелдігі жоғары ортада жұмыс істеуде.Себебі көп кәсіпорындар өздерінің жетістігін қамтамасыз ететін сыртқы факторлардың әсерін әлі де болса жетік білмеуде, олар: тұтынушылардың мінез құлқы, бәсекеестердің іс әрекеті, серіктестерді дұрыс таңдауы, тұтынушылардың қажеттілігіне негізделген бәсекелестік қабілетті тауарлардың ассортиментін жасау, коммерциялық және тағы да басқа нарықтық нақты ақпараттарды алудың көздерін таңдау т.б.

